БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 204 (9522) | 1954 жылғы 13 октябрь Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫҢ ЕГІСІ ҮШІН ЗЯБЬТІ КӨП ӘЗІРЛЕЙІК!— **М. Попов.** — Біздің бригада. **Б. Викторов.**— Зябь жыртудағы озат МТС (1-бет).

Халық демократиялық елдерінде (1-бет).

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (2-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **Г. Плевако.** — Комсомолға партия басшылығын жақсарта береміз. **Б. Жақыпов.**—Сын мен өзара сын жайында өтті (2-бет).

**А. Бараев.** —Т. С. Мальцевтің әдісімен топырақ өңдеу системасы (3-бет).

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ —ТАБЫС КЕПІЛІ: **Р. Хамитов.**— Цех озаттары. **Е. Мырзахметов.** —Жаңа өрлеу жолында (3-бет).

**Ә. Сүлейменов.** —Оқушыларды еңбекке баулу маңызды міндет (4-бет).

Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасы аяқталды (4-бет).

**В. Екимов.** —Облыс кубогы үшін футбол жарысы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Баспасөзге ұйымшылдықпен жазылайық

Совет баспасөзі партиямыздың ең өткір құралы, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі маңызды қаруы болып саналады. Газеттер мен журналдар марксизм-ленинизмнің жеңімпаз идеяларын бұқараға жеткізеді, жұмысшыларды, колхозшылар мен совет интеллигенциясын коммунистік қоғам құру жөніндегі зор міндетті орындауға жұмылдырады.

Коммунистік партия жасаған совет баспасөзі еңбекшілердің қалың бұқарасымен тығыз байланысты, ол еңбекшілердің мүддесін көздейді. Сондықтан да советтік баспасөз халқымыздың зор құрметіне сүйіспеншілігіне ие болып, қолдау тауып отырады.

Партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығы нәтижесінде елімізде шығатын газеттер мен журналдар жылдан жылға артып, олардың тиражы үздіксіз көбеюде. Тек біздің облысымыздың өзінде ғана 2 облыстық және 12 аудандық газет шығады. Үстіміздегі жылдан бастап облыстық газеттер 4 бет болып шыға бастады және олардың тиражы едәуір артты.

Сонымен бірге баспасөзге жазылушылардың қатары да көбейе түсуде. Мәселен үстіміздегі жылы біздің облысымыздың өзінде ғана 70 мың данаға жуық орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттер мен 17.450 дана әр түрлі журналдар таратылуда. Бұл цифрлардың өзінен-ақ қала мен ауыл-село еңбекшілерінің советтік баспасөзге деген зор сүйіспеншілігін және газет, журналдарды жаздырып алуға деген ынтасы күшті екендігін дәлелдейді.

1954 жылға газет, журналдарға жазылу ісі облысымыздың бірқатар аудандарында ұйымшылдықпен жүргізілгендігін атап өту қажет. Әсресе, Соколов, Совет аудандарында, қаладағы ет комбинаты, Сталин атындағы артель, «Комсомолка» тігін фабрикасы сияқты бірқатар кәсіпорындарында баспасөз тарату саяси жоғары дәрежеде жүргізіліп, жазылушылардың басым көпшілігі газет, журналдарға ұзақ мерзімге жазылды.

Алайда 1954 жылға баспасөзге жазу кезінде аудандық байланыс орындарының жұмысында айтарлықтай кемшіліктерге жол берілді. Кейбір орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттердің, әсресе ауыл шаруашылығы және [illegible] тиражы жүргізіле бастайды. Баспасөз таратуда өткен жылғы баспасөзге жазу науқаны кезінде кездескен кемшіліктердің қайталануына назар аудару керек. Байланыс органдары қала мен ауыл-село еңбекшілерінің баспасөзге түгел жазылуына қолайлы жағдай туғызу үшін колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда және кәсіпорындары мен мекемелерде, сол сияқты, оқу орындарында баспасөзге жазу пункттерін ұйымдастырып, олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етулері керек. Ал, коллективтер ішінде бөлінген арнаулы өкілдер еңбекшілерді баспасөзге жазуда байланыс қызметкерлерінің шын мәніндегі көмекшісі екендігін естен шығармауға тиіс.

Кейбір жаңадан ұйымдастырылған совхоздардың коллективтері арасында баспасөз тарату ісі күні бүгінге дейін нашар болып келеді. Ал, жаңа жылға газет, журналдарға жазғанда жаңа совхоздардың жұмысшылары мен механизаторларының баспасөзге жазылуына толық жағдай жасау, сөйтіп, олардың газет, журналдарды күнбе-күн алып оқып отыруын қамтамасыз ету қажет.

Баспасөзге жазу ісін жүргізгенде, әсресе, жазылу мерзімінің ұзақ болуына көбірек көңіл бөлген жөн. Өйткені, баспасөзге жазылу мерзімі неғұрлым ұзақ болса, жызылушылар үшін өте-мөте қолайлы. Ұзақ мерзімге жазылу арқылы еңбекшілер жазылған газет, журналдарын үнемі дер кезінде алып отыруға мүмкіндік алады.

Облысымызда мәдени-ағарту мекемелері көптеп саналады. Ауыл-село еңбекшілері өздерінің жұмыстан бос уақыттарының көпшілігін мәдениет орталықтарында өткізуді, онда көркем әдебиеттермен қатар күнбе-күнгі газет, журналдарды оқып күнделікті жаңалықтармен танысып отыруды әдетке айналдырып отыр десек қателеспеген болар едік. Олай болса, ауылдық, селолық Советтер мен колхоз басқармалары өздерінің қарамағындағы мәдени-ағарту мекемелерінің орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерді, сондай-ақ, журналдарды жаздырып алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Біздің елімізде баспасөз еңбекшілердің тұрмысына берік еніп алды. Газеттер мен журналдар олардың күнделікті рухани азығы болып саналады. Сондықтан олар жазылған газеттерінің келуін асыға күтеді.

# Келесі жылдың егісі үшін зябьті көп әзірлейік!

★

## Біздің бригада

Біз қамтыйтын «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында өткен жылы үстіміздегі жылдың егісі үшін жер өте аз дайындалған. Сондықтан бригада мүшелері быйылғы егісті өте қыйын жағдайда өткізді, Бригада 1623 гектар егіс ету керек болса, мұның 1230 гектарын көктемде жыртуға тура келді. Мұның өзі егіс жұмыстарының ұзаққа созылуына, сөйтіп, егіннің шығымы нашар болуына негізгі себеп болды. Көктемде жыртылып салынған егіннің әрбір гектарынан небары 4,5 центнерден ғана өнім алынды.

Мұндай кемшілік біздің бригаданың механизаторларын қатты қынжылтты. Кәзір біз егін шығымдылығын жедел арттыру міндетін қойып, оны жүзеге асырудың шараларын белгілеудеміз. Демек келесі жылдың егісіне үлгілі әзірленудеміз.

Егіс жұмыстары аяқталысымен бригада дереу пар жыртуға кірісті. Жоспар бойынша 1240 гектар пар жыртуға тиіс болсақ, оны 1947 гектар етіп орындадық. Мұның көбі тың және тыңайған жерлер есебінен жыртылды. 1055 гектар парға ықтырма ектік. Пар жаз бойы үш рет культивацияланды.

Механизаторлар Байжанов жолдастың басқаруындағы егіс бригадасының мүшелерімен жұмысты тығыз ынтымақтаса істей отырып, егін жыйнаумен бірге аңызды сыдыра жыртуды ұйымдастырды. Колхозшылар ол үшін егіс алаңын сабан мен топаннан дереу тазартып отырды.

Ерте жыртылған зябь егін шығымын арттыруда шешуші роль атқарғандықтан біз бұл жұмысты тыңғылықты жүргізіп келеміз. Барлық тракторлар зябь жыртуға күні-түні бірдей қатыстырылуда. Тракторшылардың көпшілігі зябь жыртуда екі норма орындайды.

Зябь жыртуды біз төмендегіше ұйымдастырдық. Барлық тракторлар бір участокте жұмыс істейді. Жер 22-25 сантиметр тереңдікте жыртылады. Бригадада сменаның ауыстырудың тәртібі қатаң сақталып жүр. Бұл іске екі сменаның тракторшылары қатысып, машиналарға жанар май құю, бөлшектерді майлау және тазалау жұмыстарын тіркеушілердің көмегімен бірге жүргізеді. Жанар май, су тракторлардың жұмыс істеп жүрген жеріне жеткізіледі. Мұның өзі жұмыс уақытының үнемделуіне және механизаторлардың техникалық күтімге деген жауаптылығын [illegible]

★

## Зябь жыртудағы озат МТС

Қара күрең түсті қопарылған тың жолдың екі жағымен жарыса құлазып көк жиекке ұштасқан. Айналада бұдан өзге түс көзге ілінбейді. Бұл —«Заря коммунизма» колхозының егістігі. Механизаторлар мен колхозшылардың мақтаулы еңбектенгені көрініп тұр. Колхозда тыңнан пар жырту жоспары да, зябь жырту да асыра орындалған. Келесі жылы көктемде колхоз егісті тек дайын жерлерге себеді.

Никитин жолдас бригадир болып істейтін № 16 трактор бригадасының көрсеткіші аса ерекше. Оның құрамы кілең комсомолецтер мен жастар. Олардың көбі партия мен үкметіміздің шақыруы бойынша жолдама алып келгендер. Жаңа құрылған бригадада нелер қыйыншылықтар мен сәтсіздіктер кездесе де механизаторлардың жұмыс нормасын орындай алмай қалған кезі болған емес.

Тракторлардың жұмыс жоспары артығымен, екі есе орындалды. 6842 гектар орнына 13497 гектар жер жұмысталды. Бригада 18877 килограмм жанар май үнемдеп, әрбір 15 аттық күші бар трактормен 1100 гектардан жер жұмыстады. Жоспарлы 850 гектар орнына, 1600 гектар зябь жыртылған.

Зябь жыртуда тракторшылар күні-түні бірдей жүр. Түнде жарқыраған электр нұрымен жерді бауырлай тіліп жүрген Никитин бригадасының тракторшыларын дәйім кездестіруге болады. Тракторшы Николай Спицин, Виктор Соколов жолдастар «ДТ—54» тракторымен смена сайын 9—10 гектардан асыра жер жыртуда. «С—80» тракторын жүргізуші Никита Синицин, Александр Тюриков жолдастар смена сайын 15 гектардан зябь жыртуға жеткен.

Грицинин жолдас басқаратын № 15 трактор бригадасының механизаторлары да тамаша көрсеткішке ие болуда. Бригада тың жер көтеру, зябь жырту және трактор жұмыстарының жоспарларын артығымен орындады. Тек тракторшы Николай Федосеенко жолдастың өзі 100 гектар жерді жоспардан артық жыртты. Ол «ДТ—54» тракторымен смена сайын 10 гектардан жер жыртады.

Тың жерлерді игеруде № 7, 8 және 9 бригадалардың механизаторлары елеулі үлес қосуда. «Заря коммунизма» колхозы келесі жылдың егісіне керекті жерді толық дайындады. МТС дирекциясының [illegible] Никитин, Грицинин [illegible] күн тыянақты түрде бақыланып отырылады.

Осылайша егін жыйнау науқаны аяқталысымен пар жұмыстау, зябь жырту жұмыстарына МТС 60 трактор бөлді. Әрбір «ДТ—54» тракторымен маусымда кемі 200 гектар, ал «С—80» тракторымен 250 гектар зябь жыртылуы белгіленді. Тапсырманың қалай орындалып келе жатқанына дирекция және МТС партия ұйымы тарапынан тыянақты бақылау жасалды. Күн сайын, таңертең, түсте және кешкілікте диспетчер Янцен жолдас әрбір трактор бригадасының, әрбір тракторшының сменалық тапсырманы қалай орындағанын және механизаторлардың МТС тарапынан қандай көмек тілейтіндігін қадағалап сұрап біліп отырады.

Мысалы, № 17 бригададағы № 83 «ДТ—54» тракторының винтеляторына ремен керектігі жөнінде хабарлаған еді. МТС-тен қолма-қол бұл зат жеткізіліп, трактор жұмысқа қосылды. № 9 бригаданың «С—80» тракторының шапшаңдық каробкасына № 46 шестеркасы керек деп хабарлағанда оны дереу МТС механигінің өзі жеткізіп, машинаның жұмыссыз тұруына жол бермеді.

МТС дирекциясы мен диспетчерлар жұмысының механизаторлармен тығыз ынтымақта болуы арқасында техниканың өнімді және тоқтаусыз пайдаланылуына толық жағдай жасалды. МТС-тің партия және кәсіподақ ұйымдары социалистік жарыс шарттарын жиі тексеріп, озат механизатолардың тәжрибелерін кең таратуда. Қабырға газеттерінде, апталық бюллетеньдерде озат трактор бригадалары мен озат механизаторлардың жұмыстары баяндалып, артта қалып келе жатқан механизаторлар мен бригадалар қатаң сыналады.

МТС агрономдары мен механиктері үнемі тракторшылар арасында болып тұрады. Олар машинаның жұмыстаған жерінің сапасын бақылайды. «Щит», «Путь Ильича», «Заря коммунизма» және Киров атындағы колхоздарда жерді Мальцев системасымен өңдеу жұмыстары кең көлемде орын алып отыр. 300 гектар пар қайырмасыз плугпен жыртылып, быйыл бірінші рет өнім алынған 1300 гектар тың жерге күзгі сыдыра жырту жұмысы жүргізілді. Бұл жұмыстар барлық агротехникалық ережелерге сай өткізілді. Алдағы жылы бұл участоктер жерді өңдеу- [illegible]

*Халық демократиялық елдерінде*

### Румын еңбекшілері совет жаңашылдарының еңбек әдістерін пайдалануда

БУХАРЕСТ, 11 октябрь. (СОТА). Румың еңбекшілері Совет Одағының өнеркәсіп, транспорт және ауыл шаруашылығы жаңашылдарының еңбек әдістерін меңгеруде және оны кеңінен пайдалануда. Кәзіргі уақытта Румын Халық Республикасының өнеркәсібінің барлық салаларындағы 400-мыңға жуық жұмысшылар, инженерлер мен техниктер советтік еңбек әдістерін қолдануда, бұл оларға өндірістік тапсырмаларды орындауға және асыра орындауға, техниканы неғұрлым өнімді пайдалануға көмектесуде.

Машина жасау заводтарының токарьлары металды шапшаң және қалың жону әдісін ойдағыдай енгізуде. Социалистік Еңбек Ері токарь Константин Василаке барлық елге әйгілі, ол советтік озат тәжрибені пайдалану нәтижесінде кәзірдің өзінде 1987 жылдың есебіне жұмыс істеп жүр.

Шапшаң бұрғылаудың советтік әдісін қолдана отырып, румын мұнайшылары скважиналарды бұрғылаудың шапшаңдығын едәуір арттырды, оларды мерзімінен бұрын пайдалануға берді.

Көмірпиілер циклдік графикті кеңінен енгізуде. Темір жол транспортында бесжүзшілер қозғалысы таратылуда, соның нәтижесінде поездардың жөндеу арасындағы жүру жылдамдығы арта түсуде. Совет жаңашылдарының озат еңбек әдістері Румынияның жеңіл өнеркәсібінде де кеңінен пайдаланылуда.

Румынияның ауылшаруашылық еңбекшілері де советтік ауыл шаруашылығы озаттарының жұмыс тәжрибесін игеруде.

### Пекиндегі совет көрмесі

ПЕКИН, 9 октябрь. (СОТА). Совет Одағының экономикалық және мәдени жетістіктерінің көрмесі Пекиннің және қала маңындағы елді жерлердің халқы арасында зор табыспен пайдалануда. Күн сайын көрмеде ондаған мың еңбекшілер болады.

Өздерінің пікірлерінде келушілер, советтік индустрияның өркендеуін, ССРО ауыл шаруашылығының жетістіктерін, Совет Одағындағы ғылым мен мәдениеттің жоғары дәрежесін көрсететін көрмеге қойылған экспонаттардың өздерінде ұмытылмас әсер қалдырғандығын айтады. «Біз советтік өнеркәсіпті, советтік мәде- [illegible] өмірді көрдік. Мұның

лерде баспасөзге қысқа мерзімге жазылғандықтан екінші жартыжылдықта баспасөзге жазылушылар саны едәуір кеміп кетті.

Баспасөз тарату мәселесімен, әсіресе, Булаев, Октябрь және Мамлют аудандарының партия ұйымдары мен байланыс органдары қанағаттанғысыз шұғылданып келді. Мұның өзі бір ғана Октябрь ауданында 1175 дана газеттің осы күнге дейін еңбекшілер арасына таратылмай қалуына әкеліп соқты.

Жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның газет, журналдарды алдырып оқуға деген ынтасы күн санап артуда. Байланыс органдары жаңа 1955 жылға баспасөзге жазу ісін жүргізгенде мұны есте сақтап, әрбір жұмысшы, колхозшы және интеллигенция үйі өзі тілеген газет, журналдарын жазғызып алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Быйыл жаңа 1955 жылға газет, журналдарға жазу ісі бүкіл совет халқы Коммунистік партия мен Совет Үкметі алға қойған жаңа, ұлы міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыру үшін қызу күрес жүргізіп жатқан жағдайда өткізілгелі отыр.

Баспасөз тарату саяси зор маңызы бар іс болып саналады. Міне, сондықтан да жергілікті партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдары баспасөзге жазу тек байланыс орындарының ғана міндеті деп түсінбей, оны таратуда байланыс қызметкерлеріне нақтылы көмек көрсетіп, тағайындалған тираждың толық меңгерілуін қамтамасыз етулері қажет. Партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары, байланыс органдарының қызметкерлері советтік баспасөз туралы және оларға жазылу шарттары туралы еңбекшілер арасында түсінік жұмыстарын қаншалықты кеңінен жүргізсе, баспасөзге жазу науқанының соншалықты ойдағыдай өтетіндігі сөзсіз.

15 октябрьден бастап облысымызда еңбекшілерді баспасөзге жазу ісі жаппай

...налдарын жеткізіп тұру жөнінде облысымыздың байланыс орындарының жұмысында күні бүгінге дейін елеулі кемшіліктердің бар екендігін айта кету керек. Мәселен, Конюхов ауданында жексенбі күндері газет, журналдар иелеріне таратып берілмейді, ал, Булаев ауданындағы Еңбекшіқазақ байланыс агенттігінде газет, журналдар колхоздарға жөнелтілмей апта бойы жатып қалу фактілері кездесіп жүр. Приешім аудандық байланыс мекемесінде бірнеше айдан бері 392 дана журналдың иелеріне табыс етілмеуі мүлде кешіргісіз кемшілік.

Еңбекшілердің газет, журналдарын күнбе-күн иелеріне табыс етіп отыру байланыс органдары қызметкерлері мен колхоз хат тасушыларының абройлы борышы болып саналады. Сондықтан олар әрбір жазылушының өз газеті мен журналын күн сайын уақытында алып отыруын қамтамасыз етуге міндетті.

Жаңа жылға баспасөз тарату ісін жүргізгенде аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары тарапынан жете назар аударылуға тиіс. Олай баспасөз таратудың барысын үнемі бақылап, тағайындалған лимиттің толық меңгерілуін қамтамасыз ету шараларын қарастырулары қажет.

Баспасөз тарату науқанын ұйымшылдықпен өткізу, сөйтіп, әрбір колхозшының, МТС, совхоз жұмысшысы мен механизаторларының, еңбекшілердің қалың көпшілігінің, сол сықты, барлық мәдени-ағарту мекемелерінің баспасөзге жазылуын қамтамасыз ету —облыс байланыс органдары қызметкерлерінің, колхоз хат тасушылары мен қоғамдық өкілдердің абройлы міндеті болып саналады. Партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының күнбе-күнгі көмегі және жанды басшылығымен бұл міндеттің сөзсіз орындалуына жетісейік!

Бригадада әрбір он күн сайын өндірістік жыйналыс, күн сайын кеңес өткізіледі. Онда әрбір күннің жұмысы қорытындыланып, істегі орын алған кемшіліктерді жоюдың жолдары белгіленеді. Барлық тракторшылар өзара социалистік жарысқа түсіп, зябь жыртуда жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр. Тракторшылардың сменалық жұмыс қорытындылары бригададағы көрсеткіш тақталарына жазылады. Жауынгерлік листоктар кезінде шығарылады.

Бригадада еңбектің дұрыс ұйымдастырылуының, техника күшінің жұмысқа өнімді пайдаланылуының нәтижесінде біздің бригада ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда елеулі табыстарға жетуде. Бізде әрбір 15 аттық күші бар трактормен кәзірдің өзінде 1472 гектар жер жұмысталды. Бригада бойынша 15 тонна жанар май үнемделді. Біздің бригада трактор бригадаларының социалистік жарысында облыста бірінші орынға ие болып облыстық комсомол комитеті мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының Ауыспалы Қызыл Туына ие болып отыр.

Бригада мүшелері зябь жырту жоспарын артығымен орындап шықты. Зябьтің тең жарымы тың жерлер есебінен жыртылды. Біз өзіміздің қажырлы еңбегімізбен келесі жылы егіннен бітік өнім алудың негізгі шарасын жүзеге асырдық деп айта аламыз.

**Н. ПОПОВ.**

**Образцовая МТС-нің № 20 трактор бригадасының бригадирі.**

жолдастардың трактор бригадалары ... «Щит» және Киров атындағы колхозға көмекке жіберілді.

Моргун жолдастың № 13, Филатов жолдастың № 17 трактор бригадаларының механизаторлары да жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді. Олар зябь жырту жоспарын артығымен орындап шықты.

Жағдай Ворошилов атындағы МТС-тің қай бригадасында болсын осындай үлгілі жайда. Сондықтан бүкіл МТС зябь жырту жөніндегі жоспарды көрші МТС-терден әлде қайда артық орындап, облыс бойынша бірінші орында келе жатыр.

МТС механизаторларының жұмыста мұндай көрнекті табысқа жетуінің мәні неде? Мұның түйіні еңалдымен жұмыстың нақты жоспармен жүруінде, жұмыс күшінің орынды және тиімді пайдаланылуында. Механизаторлардың тапсырмаларды қалай орындап отырғандықтары күнбе-дамақшы.

МТС-тің қамтуындағы төрт колхоздың бірі —«Заря коммунизма» колхозы октябрь айының бас кезінде-ақ зябь жырту жоспарын толық аяқтап шықты. Аса қуанарлық жағдай колхозда зябь жырту жұмысы тың жерлерде жүргізілді. Осы колхозда жоспар бойынша 600 гектар орнына, 1578 гектар зябь жыртылды. Егер бүкіл МТС бойынша күз 1500 гектар тың және тыңайған жер жырту жоспарланса, кәзірдің өзінде бұл жоспар екі есе болып, 3030 гектар жер игерілді.

Зябь жырту жоспарын мерзімінде асыра орындау үшін Ворошилов атындағы МТС тің механизаторлары мен колхозшылары аянбай еңбектенуде. Олар 15 октябрьде зябь жырту жоспарын артығымен орындап шығуға міндеттенсе, оның сөзсіз орындалатынына сенім зор.

**Б. ВИКТОРОВ.**

## Жоспар артығымен орындалды

Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозында жұмыс істейтін Ф. Понорецкий жолдастың трактор бригадасы зябь жырту жоспарын артығымен орындап шықты. Колхозда жоспар бойынша 1200 гектар зябь жыртылуға тиіс болса, ол 5 октябрьге дейін 1265 гектар болып орындалды.

Бригаданың механизаторлары Б. Гричнов, П. Петров және Я. Долгов жолдастар «ДТ—54» тракторымен өздерінің сменалық нормаларын 150—175 процентпен орындап жүр.

Колхоз партия ұйымы Еңбек орта мектебінің мұғалімі К. Калиев жолдасты бригадаға үгітші етіп белгілеген болатын. Ол бригада механизаторлары арасында жиі болып, оларға күнделікті болып жатқан жаңалықтар туралы айтып береді. Әртүрлі тақырыпта әңгімелер өткізеді.

**К. КЕРІМОВ.**

## Новосибирь облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Новосибирь облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау мен астық сатудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. 1953 жылмен салыстырғанда быйыл астық 40 миллион пұт, оның ішінде бидай 26 миллион пұт артық тапсырылды. Мемлекетке астықты, әсіресе быйылғы жылы тың және тыңайған жерлерді игерген Купинск, Краснозерск, Кочков, Черепанов, Чистоозерный, Андреев аудандары көп тапсырды.

Облыс колхоздары мемлекетке астық сату ретімен МТС жұмысы үшін тапсырылған счет бойынша астық тапсыруда және колхозшылардың еңбеккүндеріне астық бөліп беруде. Колхоздар мен совхоздар күздік егу жоспарын орындады, жаздық дақылдар тұқымын құйып алды, зябь жырту және мал қыстатуға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр.

## Кемеров облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Кемеров облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау мен астық сатудың мемлекеттік жоспарын 102,4 процент, оның ішінде бидай тапсыруды 104,5 процент етіп мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылғымен салыстырғанда үстіміздегі жылы мемлекетке 4866 мың пұт астық артық тапсырылды.

Облыс колхоздары МТС жұмысы үшін тапсырылған счет бойынша астық тапсыру, мемлекетке сату ретімен астық сату және колхозшылардың еңбеккүндеріне астық бөліп беру жұмыстарын жүргізуді тоқтатқан жоқ.

Облыстың колхоздары мен совхоздары күздік дақылдар егу жоспарын асыра орындап, 1955 жылдың егісі үшін тұқым қорын құйып алды. Зябь көтеру және мал қыстатуға дайындық жүргізілуде.



Краснодардан келген тракторшы М. Мацан жаңадан ұйымдастырылған Украин астық совхозының даласында зябь жыртуда зор табысқа ие болып жүр. Ол жерді агротехникалық ережелерге сай сапалы жырта отырып, сменалық нормасын 170 процентке дейін орындайды.

СУРЕТТЕ: **М. Мацан** жолдас пен оның тіркеушісі **М. Горбачева** жолдастың зябь жыртып жүрген кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

барлығы қандай тамаша. Бұл біздің ертеңгіміз», —деп жазады Пекин заводтарының бір топ жұмысшылары.

Совет Одағының экономикалық және мәдени жетістіктерінің көрмесінде кәзірдің өзінде 450 мың Қытай еңбекшілері болды.

## Венгрия металлургия және машина жасау өнеркәсібі рационализаторларының табысы

БУДАПЕШТ. (СОТА). Венгрияның металлургия және машина жасау кәсіпорындарында өндіріс жаңашылдары мен рационализаторларының табысы кең өріс алды. Өткен жылы венгер металлургтері мен машина жасаушылары 149892 рационализаторлық ұсыныс енгізді, бұдан 63245 ұсыныс кәзірдің өзінде пайдаланылды. Бұл 310623 мың форинт үнемдеуге мүмкіндік берді. Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында 78565 ұсыныс енгізіліп, бұдан 34892 ұсыныс жүзеге асырылды және жылына 193512 мың форинт үнемдеуге қол жетті.

## Польшада совет фильмдерінің фестивалі

ВАРШАВА, 9 октябрь. (СОТА). Поляк Халық Республикасының барлық қалаларында және көптеген селоларында совет кинофильмдерінің дәстүрлі жетінші фестивалі зор табыспен өтіп жатыр. Алғашқы 20 күн ішінде совет фильмдерін 14 миллионнан астам адам көрді.

Әсіресе «Албанияның ұлы жауынгері Скандербек», «Адал достар», «Ерлік мектебі», сықты документальді, ғылми-көпшілік және жастар фильмдері зор табыспен өтуде.

## Кітап—көпшілікке

СОФИЯ, 10 октябрь. (СОТА). Болгариядағы мәдени құрылыстағы ірі жетістіктердің бірі кітапхана ісін өркендету болып саналады. 1944 жылғы 9 сентябрьге дейін елде мемлекеттік 4 кітапхана бар еді, ал кәзір 17 болды. Халықтық оқу үйлері жанындағы кітапханалардың саны 2918-ден 4321-ге, кәсіподақтардың оқу үйлері жанындағы кітапханалардың саны 63-тен 3706-ға жетті. Мектеп кітапханаларының саны 6225 кітапханаға дейін артты. Кітапханалардың кітап қоры кәзір 10 миллион данадан артады.

## Словакиядағы тұрғын үй құрылысы

ПРАГА. (СОТА). Словакияда қалалық тұрғын үй құрылысының үлкен программасы ойдағыдай орындалуда. Республиканың халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары 1949—1953 жылдарда ғана жүз мың жұмысшы мен олардың семьялары орналасқан екі және үш бөлмелі 32.362 пәтер үй салынды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# КОМСОМОЛҒА ПАРТИЯ БАСШЫЛЫҒЫН ЖАҚСАРТА БЕРЕМІЗ

Г. ПЛЕВАКО,
ҚКП Ленин аудандық комитетінің секретары

Даңқты совет жастарының алдыңғы отряды—комсомол —Коммунистік партияның әркашан жауынгер көмекшісі болып келеді. Біздің елімізде комсомолецтер мен жастар творчестволық зор күшке айналды, шаруашылық, мәдени құрылыстың қай саласында болсын оларсыз бітетін бірде -бір жұмыс жоқ. Тек бір ғана Ленин ауданында 2 мыңнан астам комсомолецтер қоғамдық еңбекте, ауыл-селоның мәдени тұрмысын өркендетуде өнеге көрсетіп жүр. Аудан партия ұйымы комсомолецтер мен жастардың инициативасын үнемі қолдап, олардың жұмысына бағыт беріп отырады.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы күреске комсомолецтер белсене қатнасуда. Партия ұйымдарының басшылығымен комсомол ұйымдары колхоздар мен совхоздарда тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде бірқатар жұмыстарды жүзеге асырды. Көктемде жаңа жерлерді көтеру үшін 22 комсомол-жастар трактор бригадасы ұйымдастырылды. Бригадалардың құрамы таңдаулы комсомолецтермен, жастармен толықтырды. Ол бригадаларды басқаруға тәжрибелі механизатор коммунистер мен комсомолецтер жіберілді. Мәселен «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы егіс даласында СОКП мүшесі Попов жолдас басқарған комсомол-жастар трактор бригадасы жұмыс істеп жүр.

Атап айту қажет, комсомолецтер мен жастардан ұйымдастырылған трактор бригадалары тың және тыңайған жерлерді игеруде шешуші роль атқарып келеді. Аудан колхоздары көктемде 10 мың гектардың орнына, 14200 гектар тың және тыңайған жерлерді игерді. Сол сияқты, тың және тыңайған жерлердің есебінен пар, зябь жырту жоспарлары 105 процент орындалды. Демек быйылдың өзінде ғана аудан колхоздарында 54 мың гектар тың және тыңайған жерлер көтерілді. Мұндай игілікті жұмысты орындауда жас механизаторлар—комсомолецтер мен жастар еңбектің тамаша үлгісін көрсетті.

Мәселен коммунист Попов жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасы үлгілі істерімен аудан жұртшылығының құрметіне бөленіп отыр. Бұл бригада кәзірдің өзінде әрбір трактормен 1484 гектар жер жыртып, трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 273 процент орындады. Осы сияқты, «Путь к социализму» колхозының егіс даласында жұмыс істейтін Плещивцев жолдас басқарған комсомол-жастар трактор бригадасы да тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі социалистік жарыста алдыңғы сапта келеді.

Аудан МТС-терінде комсомол- жастар бригадаларын құрудың жақсы тәжрибелерін еске ала отырып, партия ұйымдары комсомолецтер мен жастарды мал азығын дайындау, егін жыйнау жұмыстарына белсене қатыстырудың шараларын белгіледі. Ауданда комсомолецтер мен жастардан шөп шабатын агрегаттар, 32

ғана емес, сонымен қатар, олардың жастар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруына көп көңіл бөледі. Барлық колхоздар мен совхоздарда, МТС-терде мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істейді. Кәзір мәдени- ағарту мекемелерін қысқы маусымға үлгілі әзірлеу міндеті тұр. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру мақсатында бастауыш комсомол ұйымдары комсомолецтер мен жастардың жексенбіліктерін ұйымдастыру жолымен мәдени- ағарту мекемелеріне отын дайындау, оны тасу жұмыстарын жүзеге асыруда. Әрбір колхоз бен совхоздағы мал фермаларында қызыл мүйіс ұйымдастыру, онда мәдени- ағарту жұмыстарын жүргізу инициативасын комсомолецтер өз қолына алды.

Аудан партия ұйымы жастарды саяси тәрбиелеу мәселесіне көп назар аударып келеді. Партия ұйымдары комсомол оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына әзірлік жұмысын жүргізуде бастауыш комсомол ұйымдарына үнемі көмек көрсетіп келеді. Аудан комсомолецтерінің саяси оқуын ұйымдастыру үшін теориялық даярлығы мол коммунистер есебінен көптеген насихатшылар бөлінді. Комсомолецтердің басым көпшілігі партия оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептерде, кешкі партия мектептерінде оқыйтын болады. Маркстік- лениндік теорияны өздігінен үйренетін комсомолецтер үшін СОКП тарихы, саяси экономия жөнінде, жалпыға түсінікті лекциялардың циклдары ұйымдастырылады. Сонымен қатар ауыл-село жастары үшін ғылми-атеистік насихатты күшейту жөнінде бірқатар шаралар белгіленді. Аудандық комсомол комитетінің штаттан тыс лекторлары, саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының аудандық бөлімшесінің лекторлары колхоздар мен совхоздарда жастар үшін саяси және ғылми білімдер жөніндегі тақырыптарда лекцияларды жиі оқыйтын болды. Соңғы жылдары жастар арасында физкультура және спорт жұмыстары да біраз жақсарды.

Комсомол ұйымдарының жұмысы жаңа міндеттердің дәрежесіне сай болуы партия ұйымдарының басшылығына тікелей байланысты екендігі мәлім. Осыны еске алып, аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжлісінде бұл мәселелерді үнемі талқылап, комсомол ұйымының жұмыстарын жақсарту жөнінде қажетті шаралар белгілеп отырады. Мәселен, быйыл аудандық партия комитетінде МТС және трактор бригадаларындағы комсомол ұйымдарына партия ұйымының басшылығы жөнінде Образцовый МТС-і партия бюросының секретары Карбовничий жолдастың есебі тыңдалды.

лісі МТС партия ұйымының назарын жастар арасындағы саяси- тәрбие жұмысын жақсарту, социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыру мәселелеріне арнап қаулы алды. Мұның өзі МТС-тің партия және комсомол ұйымдарына жұмыстағы кемшіліктерді дереу жою жөнінде қажетті көмек болды.

Комсомолға партия басшылығын жақсартуда Ильич атындағы МТС партия ұйымының жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Мұнда партия жыйналыстарында комсомол ұйымының жұмысы жөнінде мәселелер жиі талқыланады. Сентябрь айында партия жыйналысында комсомолецтердің егін жыйнаудағы авангардтық ролі туралы мәселе қаралды. Партия ұйымының ұсынуы бойынша Аманкелді атындағы колхозда жұмыс істейтін трактор бригадасының бригадирлігіне механизатор коммунист Әлімбаев жолдас жіберілді. Кәзір бұл бригада МТС бойынша алдыңғы қатарлылардың бірінен саналады.

Партия ұйымы МТС комсомол ұйымына БЛКЖО мүшелерін өндірістің шешуші участоктеріне орналастыруға көмектесті. МТС-те 37 комсомолец тракторшы, 4 комсомолец трактор бригадаларының бригадирлері, 6 комсомолец механик болып жұмыс істейді .

Соңғы кезде «Бұлақ», Воровский атындағы колхоз партия ұйымдары да комсомол ұйымдарына басшылықты жақсартты. Комсомолецтердің өндірістегі белсенділігін арттыру аудан партия ұйымының қатарын озат колхозшылармен, МТС, совхоз қызметкерлерімен толықтыру мақсатының жүзеге асырылуына мүмкіндік жасап отыр. 1954 жылы аудандық партия комитеті еңбекте өнеге көрсеткен 18 комсомолецті партия қатарына қабылдады. Олардың ішінде Образцовый МТС-нің таңдаулы тракторшылары Узов, Әбенов және басқа жолдастар бар.

«Бұлақ» колхозының партия ұйымы жақында трактор бригадасының бригадирі комсомолец Тәшетов жолдасты партия мүшелігіне кандидат етіп қабылдады. Оның бригадасы 3 мың гектар тың жер игеріп, 1955 жылдың егісіне қажетті жер көлемін толық әзірледі. Бұл және басқа фактілер аудан партия ұйымының комсомол ұйымдарына басшылықты біраз жақсартқанын дәлелдейді.

Дегенмен, кейбір партия ұйымдары комсомол ұйымдарына басшылықты партия қойған міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастыра алмай келеді. «Путь к социализму» колхоз партия ұйымы, оның секретары Малдыбаев жолдас комсомол ұйымының жұмысына ұзақ уақыт немкетті қарап келді. Кінәні мойындау керек, аудандық партия комитеті де мұны кезінде ескермеді. Осының салдарынан колхоз комсомол ұйымының жұмысы бетімен жіберілді. Колхозда 6 айдан астам уақыт комсомол ұйымының секретары болмады. Осы себепті кейбір комсомолец-



Өскемендегі бетон жасау комбинаты соңғы айларда тұрғын үйлер, МТС, ММШС және өндіріс орындары үшін темір бетонды конструкциялар жасап шығаруды ұлғайтып келеді.

СУРЕТТЕ: өнімді механикалық жолмен түсіру.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасынан).

## Озат тәжрибені насихаттау

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Кеше Красная гвардия совхозында механизаторлардың Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінен қайтып келген тракторшы комсомолец Петр Куземкомен кездесуі болды. Жас тракторшы совхозда жемісті еңбек етті. Ол үш айдың ішінде «ДТ-54» тракторымен 570 гектар тың көтеріп, 400 гектар парға ықтырма екті, көптеген басқа жұмыстарды істеді. Куземко жолдастың жұмыс өнімділігі жұмсақ жерге айналдырғанда 1.300 гектар болады. Ол үш айда 10 мың сом тапты.

Көрмеде Куземко жолдас еліміздің озат механизаторларының тәжрибесімен және ең жаңа ауылшаруашылық техникасымен танысты. Оның Мальцевтің әдісімен өңделген егістіктер жөніндегі әңгімесін жаңадан қоныстанғандар зор назар аударып тыңдады. Куземко қайырмасыз плугтің чертежін ала келді. Комсомолецтер өз күштерімен осындай плугтер жасап, топырақты Т. С. Мальцевтің әдісімен баптай бастауды ұйғарды. Москвада жас механизатор өзінің жерлестерімен —Киев облысының Великополовецк МТС-інің комбайншыларымен және тракторшыларымен кездесті; совхозға ол және оның көптеген жолдастары осы МТС-тен келген болатын. Жерлестер техниканы жоғары өнімді пайдалану, егіннен мол өнім алу жолында жарысуды ұйғарды.

Москвада, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде қазірдің өзінде облыс-

# Солтүстік Қазақстан облысы мектептерінің мұғалімдерін ордендермен және медальдармен наградтау туралы

### ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 12 февральдағы Указына сәйкес, көп жыл және мінсіз жұмыс істегені үшін мыналар наградталсын:

**ЛЕНИН ОРДЕНІМЕН:**

1. **Автаева** Пелагея Ивановна —Петропавл қаласы, № 1 орта мектептің мұғалимасы.
2. **Соловьева** Антонина Васильевна — Петропавл қаласы, № 1 орта мектептің мұғалимасы.

**ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН:**

1. **Магдалина** Клавдия Васильевна — Петропавл қаласы, № 1 бастауыш мектептің мұғалимасы.
2. **Отрощенко** Стефанида Елисеевна— Совет ауданы, Киров орта мектебінің мұғалимасы.

**«ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ» ОРДЕНІМЕН:**

1. **Бабенко** Зоя Васильевна—Петропавл қаласы, № 8 орта мектептің мұғалимасы.
2. **Белоусова** Федосия Семеновна —Октябрь ауданы, Марьевка орта мектебінің мұғалимасы.
3. **Глобова** Антонина Петровна — Петропавл ауданы, «Пахарь- сибиряк» бастауыш мектебінің меңгерушісі.
4. **Риганелович** Валентина Ивановна— Петропавл қаласы, № 2 орта мектептің мұғалимасы.

**«ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН:**

1. **Антонникова** Антонина Сергеевна — Приешім ауданы, Ново- Никольск жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
2. **Балашенко** Галина Андреевна —Булаев ауданы, Чистов орта мектебінің мұғалимасы.
3. **Бекетова** Зоя Павловна— Петропавл қаласы, № 6 бастауыш мектептің мұғалимасы.
4. **Бушуева** Юлия Антоновна —Петропавл қаласы, № 4 жетіжылдық мектептің мұғалимасы.
5. **Доценко** Антонина Владимировна — Соколов орта мектебінің мұғалимасы.
6. **Дьячков** Михаил Лаврентьевич — мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының кабинет меңгерушісі.
7. **Егорова** Наталья Романовна—Булаев ауданы, Ұзынкөл жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
8. **Калинин** Виктор Вениаминович — мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директоры.
9. **Кириллова** Мария Никаноровна — Петропавл қаласы, № 4 жетіжылдық мектептің мұғалимасы.
10. **Мичурин** Александр Михайлович— Петропавл аудандық оқу бөлімінің мектептер инспекторы.
11. **Протопопова** Валентина Николаевна —Петропавл қаласы, № 2 жетіжылдық мектептің оқу бөлімінің меңгерушісі.
12. **Симонова** Феликса Ивановна —Соколов ауданы, Налобин орта мектебінің мұғалимасы.

тропавл ауданы, Петерфельд жетіжылдық мектебінің оқу ісінің меңгерушісі.

4. **Бравова** Мария Георгиевна —Петропавл ауданы, бастауыш мектебінің меңгерушісі.
5. **Брянцев** Иван Васильевич —Полудень ауданы № 2 ферма жанындағы бастауыш мектептің меңгерушісі.
6. **Бушуева** Нина Кузьминична — Петропавл қаласы, № 5 жетіжылдық мектептің мұғалимасы.
7. **Галушко** Леонид Емельянович —Полудень ауданы, Ново- Георгиев жетіжылдық мектебінің директоры.
8. **Горбачева** Валентина Васильевна — Петропавл қаласы, № 6 орта мектептің мұғалимасы.
9. **Добродомова** Любовь Георгиевна — Ленин ауданы, Петровка жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
10. **Донцова** Зоя Петровна —Петропавл қаласы, № 5 жетіжылдық мектептің мұғалимасы.
11. **Евстигнеева** Клавдия Ильинична— Булаев жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
12. **Ерещенко** Нина Андреевна—Булаев ауданы Совет жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
13. **Ерзаков** Алексей Владимирович— мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының кабинет меңгерушісі.
14. **Кальнина** Тамара Александровна— Петропавл қаласы, № 7 орта мектептің мұғалимасы.
15. **Коверга** Василий Петрович— Полудень ауданы, Камышлов жетіжылдық мектебінің директоры.
16. **Кугушева** Евдокия Георгиевна — Петропавл қаласы, № 6 бастауыш мектептің мұғалимасы.
17. **Ли** Есон—Петропавл ауданы, Бескөл жетіжылдық мектебінің директоры.
18. **Лошакова** Анна Петровна —Ленин ауданы, Ильинка жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
19. **Любых** Юлия Павловна —Приешім ауданы, Вознесенка жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
20. **Межанкова** Степанида Терентьевна —Ленин ауданы, Покровка жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
21. **Милюкова** Мария Николаевна — Петропавл қаласы, № 3 орта мектептің мұғалимасы.
22. **Морозова** Ксения Петровна —Ленин ауданы, Яснов жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.
23. **Мұқатаев** Зейніл —Совет ауданы, Смирнов орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі.
24. **Мұқашева** Мәстура—Совет ауданы, Смирнов орта мектебінің мұғалимасы.
25. **Пелымская** Зоя Георгиевна — Полудень ауданы, Тоқшын орта мектебінің мұғалимасы.

...комбайн агрегаттары жұмыс істеді. Бұл агрегаттар мал азығын дайындауда және егін жыйнауда зор роль атқарды.

Село комсомолецтері партия мен үкметіміздің қарарларын әрқашан қызу қуаттап, оны жүзеге асыру жолында жанкыярлықпен еңбек етіп келеді. Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің мал қыстатуға әзірлік және оны өткізу туралы қарарын талқылай келіп, аудандық комсомол комитеті, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың бастауыш комсомол ұйымдары мал азығын дайындауды онан әрі жүргізу жөнінде арнаулы комсомол- жастар бригадаларын ұйымдастырды. Мұнымен бірге мал қыстауларына жемшөп тасу жөнінде комсомол-жастар звенолары жұмыс істейді. Аудан комсомолецтері октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетудің, барлық колхоздар мен совхоздарда 20 октябрьге дейін мал азығын қыстау маңына тасуды аяқтау жөнінде инициатива көрсетіп отыр.

Колхоз өндірісінің жауапты бір участогі мал шаруашылығы болып табылады. Осыны еске алып комсомол ұйымдары өздерінің қазіргі өтіп жатқан есеп беру- сайлау жыйналыстарында комсомолецтер мен жастарды мал фермаларына көптеп жіберу мәселесіне ерекше назар аударуда.

Партия ұйымдары комсомолецтердің өндірістік жұмысқа белсене қатысуларына ... комитетінің бюро мәжлісінде мұндай мәселе қаралатыны жөнінде МТС партия бюросы және комсомол комитетінің секретарьларына бір ай бұрын хабарландырылды. Олар бюро мәжлісіне дайындала отырып, комсомол ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді жою жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Аудандық партия комитетінің бюро мәжлісі партия бюросының комсомол ұйымдарына басшылығы жөніндегі кейбір игі жұмыстарын қанағаттанғандықпен көрсетті. МТС-те 9 трактор бригадаларында комсомол ұйымдары ұйымдастырылды, 3 комсомол-жастар трактор бригадасы, сонымен қатар комсомолецтер мен жастардан шөп шабатын 11 агрегат, 6 комбайн агрегаттары жұмыс істеді. Комсомол ұйымының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі мұндай игі шаралар ауданның партия және комсомол ұйымдарына таратылды.

Сонымен қатар аудандық партия комитетінің бюро мәжлісі партия ұйымының комсомол ұйымына басшылығы жөніндегі бірқатар кемшіліктердің бетін ашты. МТС партия ұйымы комсомол ұйымдарының ішкі жұмысының ойдағыдай ұйымдастырылуына, комсомол ұйымдарының озат механизаторлар есебінен өсуіне назар аудармады. Осы сияқты партия ұйымы да өзінің қатарын таңдаулы комсомолец-механизаторлар есебінен толықтыруды ескермеді. Аудандық комитеттің бюро мәж-

...тер жат қылықтарға салынып, колхоз дәулетіне қол сұғуға дейін барды. Кәзір аудандық партия комитеті комсомол ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырғалы отыр. Аудандық комсомол комитетінің екінші секретары Бухтиярова жолдас комсомол ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысын өткізу, комсомолецтер арасындағы жұмысты жақсарту үшін аталған колхозға жіберілді. Аудандық партия комитеті жақында партия ұйымының секретары Малдыбаев және аудандық комсомол комитетінің секретары Коваленко жолдастардың комсомол ұйымына басшылығы жөнінде есептерін тыңдамақ.

Біз комсомолға партия басшылығын жақсарта беруді басты міндеттердің бірі деп санаймыз. Аудандық партия комитеті октябрь айында бастауыш партия және комсомол ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізеді. Ол семинарларда партия ұйымдарының комсомол ұйымдарына басшылығы жөніндегі тәжрибелер ауыстырылады. Сонымен қатар, бұл семинар партия және комсомол ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді ашуға, ол кемшіліктерді жою жөнінде шаралар белгілеуге көмектеседі.

Ленин ауданының партия ұйымы комсомол ұйымдарына басшылықты онан әрі жақсартып, комсомолецтер мен жастардың ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы күресте белсенділіктерінің күн санап арта беруіне жетіседі.

...тың 700-ге жуық ауыл шаруашылығы қызметкерлері болды. Облыстық партия комитеті көрмеге қатысушылардың тәжрибесін насихаттауды өрістету жөнінде шаралар белгіледі. Әрбір ауданда Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі туралы лекциялар мен баяндамалар жасайтын лекторийлер құрылды. Колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда көрмеге қатысушылардың тәжрибесіне арналған кітапханалар ашылуда және альбомдар жасалуда.

## Қалалық Совет селоға көмектесуде

ЛЕНИНОГОР. (ҚазТАГ). Лениногор қалалық Советі колхоздарға зор көмек көрсетті. Бұл байланыстарды нығайта түсу үшін арнаулы комиссия құрылды. Депутаттар Огарков, Шутенко, Чугунов жолдастардың, комиссияның басқа да мүшелерінің инициативасымен «Лениногорсксвинецстрой» тресінің ағаш өңдейтін комбинатында астық тасуға арналған 100 арба жасалды. Лениногордың кәсіпорындары астық тазартатын жабық қырмандарға арнап 22 металл каркас жасады. Комиссия жүргізген түсінік жұмысының нәтижесінде 300-дей үй шаруасындағы әйел кәзір «Заготзерно» пункттерінде жұмыс істеп, жаңа егіннің астығын қабылдауда. Өткен жылдары қала маңындағы «Животновод», «13-я годовщина Октября», «Вторая пятилетка» шаруашылықтары жемшөпті аз сүрлеген еді. Қалалық Советтің депутаттары шөп сүрлейтін траншеялар қабырғаларын сылауға қажетті цемент іздестіруге көмектесті. Быйыл қала іргесіндегі колхоздардың бәрі шөп сүрлеудің жоспарын біржарым есе асыра орындады.

Қалалық Совет мәдени- ағарту, емдеу және қамқорлыққа алынған селоларда балалар тәрбиелеу мекемелерінің жұмысын жақсартуға, қала мен селолық клубтардың көркемөнерпаздары арасындағы байланыстарды нығайтуға көп көңіл бөліп отыр.

## Украинадан көшіп келгендер

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбе темір жол станциясына арнаулы эшелон келіп тоқтады. Эшелон Ақтөбе облысында тұруға және жұмыс істеуге тілек білдірген 114 семьяны Украинадан көшіріп әкелді. Көшіп келушілерді партия және совет ұйымдарының, колхоздардың өкілдері жылы жүзбен карсы алды.

Келгендердің бірі Степан Яковлевич Калякин—Харьков облысындағы заводтардың бірінің бұрынғы жұмысшысы. Оның семьясында 14 адам бар, олардың ішінен жетеуі еңбек істейді. Көшіп келгендер Степной ауданының колхоздары мен МТС-терінде жұмыс істейтін болады.

Таяу уақыттың ішінде Украинаның Волын, Сумы облыстарынан, Белорус, Молдаван ССР-лерінен, Кубаньнан көптеген семьялар көшіп келеді.

Петропавл қаласы, № 2 жетіжылдық мектептің мұғалимасы.

14. **Темірбаев** Ғалымжан—Ленин ауданы, Жаңалық бастауыш мектебінің меңгерушісі.

15. **Темірболатов** Бәрменбай — Ленин аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

16. **Филиппова** Любовь Кузьминична—Конюхов ауданы, Чистян жетіжылдық мектебінің мұғалимасы.

17. **Шилова** Александра Викторовна — Совет ауданы, Смирнов орта мектебінің директоры.

### «ЕҢБЕКТЕ ҮЗДІК ШЫҚҚАНЫ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН:

1. **Әбдіқалықов** Шалабай — Булаев ауданы, Ворошилов жетіжылдық мектебінің мұғалімі.

2. **Бакулина** Мария Ивановна —Петропавл қаласы, № 8 орта мектептің мұғалимасы.

3. **Баянова** Надежда Андреевна — Пе-

...колов орта мектебінің мұғалимасы.

27. **Секирко** Августа Филипповна — Петропавл қаласы, № 1 жетіжылдық мектептің мұғалимасы.

28. **Федорова** Мария Родионовна —Петропавл ауданы, Шақау жетіжылдық мектебінің оқу ісінің меңгерушісі.

29. **Физов** Алексей Савельевич — Полудень ауданы, Раевка жетіжылдық мектебінің директоры.

30. **Шапошник** Валентина Павловна—Соколов ауданы, Налобин орта мектебінің мұғалимасы.

31. **Шемякин** Иван Иванович —Конюхов ауданы, Камышлов жетіжылдық мектебінің директоры.

32. **Шкода** Любовь Павловна —Петропавл қаласы, № 1 бастауыш мектептің меңгерушісі.

33. **Эппингер** Иван Петрович — Полудень ауданы, Красноперовка жетіжылдық мектебінің директоры.

**СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.**

**СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль. 28 сентябрь, 1954 жыл.

## Жаңа жерлер игерілетін аудандағы жол құрылысы

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Республиканың Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігінің машина-жол станциялары жаңа жерлер игерілетін аудандарда жолдар мен көпірлер салуды өрістетіп отыр. Автомобиль жүретін жаңа тас жол Ақмоланы аудан орталығы—Астраханькамен байланыстырады. Тас жол Астраханькадан аудан орталығы—Журавлевка селосына дейін, ал одан —Макинск қаласына дейін тартылады.

Ақмола— Қорғалжын, Атбасар— Ладыженко, Жақсы—Чистополье автомобиль жолдарында барлау жұмыстары аяқталды. Бұл жолдар жаңа астық совхоздарын темір жол станцияларымен, элеваторлармен, мұнай базаларымен байланыстырады.

Ақмолада Есіл өзені арқылы салынатын көпірдің бетон тіреулері жасалып жатыр.

Жол салушылар қуатты грейдер-элеваторлар, автогрейдерлер, скреперлер, бульдозерлер алды. Темірбетон конструкциялар заводын салуға әзірлік жүргізілуде.

## Шопандарға қамқорлық

ҰЗЫНАҒАШ. (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Жамбыл ауданындағы «30 лет Казахской ССР» ауылшаруашылық артелінің шопаны Мырзағали Әбрәимов өзінің отарын Өтеген алқабындағы қыстаққа айдап апарды. Колхоз басқармасы малшының семьясына зор қамқорлық жасады. Оған арналып үй салынды, киіз үй жасалды, радиоқабылдағыш сатып алынды. Шопан жылы киіммен және пимамен қамтамасыз етілді.

Быйыл Өтеген және Сарытауқұм алқабындағы қысқы жайылымдықтарда осы ауылшаруашылық артелінің 19 отары қыстайтын болады. Малшыларға арналып қамыстан екі пәтерлі үй салынды, жеткілікті мөлшерде ұн, картоп және овощь, қысқы киім әкелінді.

Жамбыл ауданы колхоздарының қыстақтарына 200-ден аса киіз үй апарылды. Аудандық тұтынушылар одағы шопандарға арнап жүздеген пар пима, тон, сырма фуфайкалар апарды және макоронды, шайды, қантты, кондитер заттарын өткен жылғыдан екі есе көп әкелді

## Жүн мемлекетке тапсырылуда

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Облыстағы мал шаруашылығы өркендеген ең үлкен Амангелді ауданы мемлекетке жүн тапсырудың жылдық жоспарын орындады. «Заготживсырье» пункттеріне, негізінен тоғытпалы және жартылай тоғытпалы жүн өткізілді. Бұған малдың денесін таза ұстаудың, қойларды қырқудың алдында тоғытудың нәтижесінде қол жетті.

Қостанай ауданы да мемлекетке жүн тапсырудың жоспарын орындады.

Облыстың озат колхоздары пункттерге мемлекетке сату есебіне жүн тапсыруда. Тек Амангелді ауданының колхоздары мен колхозшылары ғана мемлекетке жүздеген центнер жүн сатты.

## Сын мен өзара сын жағдайында өтті

Жақында Булаев ауданындағы Қарағанды совхозының партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы болып өтті. Онда бастауыш партия ұйымының секретары Тюканько жолдас бір жылғы жұмысы жөнінде есепті баяндама жасады. Баяндама коммунистерді қанағаттандырмады. Өйткені, Тюканько жолдас жалпылама мәліметтердің тізбегін айтумен ғана қанағаттанып, совхоздың шаруашылық жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде кешіргісіз артта қалып отыруының басты себептерін ашпады.

Есеп беріп отырған мерзім ішінде совхоз партия ұйымы шаруашылық жұмыстарын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, июнь Пленумдарының қаулыларында көрсетілген міндеттерге сай ұйымдастыра алмады. Соның салдарынан совхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын небары 60 процент ғана орындады. Ал кәзіргі кезде совхоз зябь жырту жұмысының қарқынын мүлдем баяулатып алды. Бұл және басқа кемшіліктер бастауыш партия ұйымының секретарының есепті баяндамасында толық талдауын таппады.

Жарыссөзде сөз сөйлеген бірқатар коммунистер принципті сын мен өзара сынды кеңінен өрістете отырып, бастауыш партия ұйымының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді, совхоз өндірісінің артта қалу себептерін ашып көрсетті.

Коммунист Дробышев жолдас өзінің сөзінде бастауыш партия ұйымының секретары Тюканько жолдастың жұмыс стиліне тоқталды.

— Мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісінде бізде көп кемшіліктер бар, —деді ол. — Алайда, партия ұйымы бұл жөнінде кезінде тиісті шаралар белгілеп, коммунистер мен совхоз жұмысшыларын ол кемшіліктерді жою жолына жұмылдыра алмады. Тюканько жолдас мал фермаларындағы нақтылы жағдайды жете білмейді. Бізде озат мал өсірушілер көптеп саналады. Бірақ, не пайда олардың жұмыс тәжрибелері көпшілік игілігіне айналдырылмай, «жасырын» қалып келді. Партия ұйымының, оның секретары Тюканько жолдастың жұмысындағы басты кемшіліктердің бірі, міне осында болды. Егін шаруашылығы жөнінде де осыны айтуға болады. Тюканько жолдас совхоз өндірісінің дағдыры шешіліп жатқан жерлерде—егіс-трактор бригадаларында сирек болып келді. Сондықтан да ондағы істің жайымен жете танысып, қандай нақтылы көмектер көрсету керек екенін ол білмеді. Мұндай кеңсешілдік және онан туатын төрешілдік партиялық басшылық әдісімен мүлде сыйыспайды.

СОКП мүшесі Шилин жолдас совхозда шаруашылық жұмыстарының баяу жүргізілуінің бір себебі, партия ұйымының партиялық- саяси жұмысты мазмұнды, әсерлі ұйымдастыра алмауында екенін айтты. Совхоз партия ұйымы, деді шешен, кішкентай ұйым емес. Сонымен бірге совхозда комсомолецтер, село интеллигенттері де көп. Бірақ осындай зор күшті үгіт-бұқаралық жұмысқа жұмылдыру ісін Тюканько жолдас ескермей келді. Қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар бригадаларда, фермаларда уақытында шығарылмайды. Ал оқта- текте шығарылған қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың идеялық дәрежесі төмен болып, совхоз жұмысшыларының еңбек процестерін толық бейнелей алмады.

Совхоз партия ұйымы, оның секретары Тюканько жолдас социалистік жарысты ұйымдастыру, артта қалғандарды озаттардың қатарына қосу, сөйтіп жалпы өрлеу туғызу мәселелеріне формальді карады. Мәселен, социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуы бригадалар мен фермаларда соңғы алты ай бойы бірде- бір рет тексерілмеді.

Осы мәселе жөнінде сөз сөйлеген трактор бригадасының бригадирі Несмиянов және басқа бірқатар коммунистер де Тюканько жолдастың партия ұйымының жұмысын әлсіретіп жібергенін, коммунистер мен совхоз жұмысшыларының орынды дабылдарына кезінде құлақ аспағанын, сөйтіп бұқарадан қол үзгенін өткір және батыл сынға алды.

Есеп беру-сайлау жыйналысында партия ұйымының секретарьлығына Шилин жолдас сайланды. Жыйналыс жұмысты жақсарту мақсатына бағытталған нақтылы қаулы алды.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

# Т.С. Мальцевтің әдісімен топырақ өңдеу системасы

Егіншілік туралы ғылым осы уақытқа дейін топырақтың құнарлылығын тек көп жылдық шөптер ғана арттыра алады, деп санап келді. Ал, бір жылдық өсімдіктер өндірісінің қасиеті бойынша мұны істей алмайды, қайта керісінше, өзінің қоректенуі үшін органикалық затты да, топырақтың құрылымын да бірте-бірте бұзуды талап етеді деген ұғым орын алып келді.

Курган облысындағы «Заветы Ленина» колхозының егіншісі, Шадрин ауылшаруашылық тәжрибе станциясының директоры, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Т. С. Мальцев көпжылдық, сондай-ақ біржылдық өсімдіктердің де топырақты органикалық затпен байытып, оның құрткесекті берік құрылымын жасай алатын біркелкі қасиеті бар екенін өзінің көп жылғы байқаулары мен терең зерттеулері нәтижесінде дәлелдеп берді. Біржылдық және көпжылдық өсімдіктердің тіршілік процесінің барысында, дейді Т. С. Мальцев, топырақта бір-біріне өзара қарама-қарсы екі процесс: органикалық зат пен топырақ құрылымының бұзылу және құрылу процесі жүреді. Бұл процестің қайсысы басым екендігі біздің топыраққа жасайтын агротехникалық ықпалымыздан туатын жағдаймен анықталады.

Егіндік жерде 2—3 жыл бойы өсетін көпжылдық шөптердің астында тамыр қалдықтары тығыз топырақта, ауаның оттегі жеткіліксіздігі жағдайында шіриді. Осындай жағдайда шіріген органикалық қалдықтар пайдалы шіріндіге айналып, топырақ құрылымының берік құрткесекті болуын қамтамасыз етеді.

Біржылдық дақылдар, соның ішінде біржылдық шөптер жыйналғаннан кейін әдетте жер плугтермен терең жыртылады. Осының нәтижесінде топыраққа ауаның оттегі еркін кіріп, аэробтық (ауалы) бактерия дейтіндер органикалық қалдықтарды шірітеді. Бұл жағдай өсімдіктің өсуіне ықпалды әсерін тигізетін шіріндінің пайда болып, топырақтың берік құрылымының жасалуына әкеліп соқпайды. Мұның керісінше, топырақ тозаңданып, органикалық зат бұзылып, топырақтың құнарлылығы кеми бастайды.

Мұндай зардаптар біржылдық өсімдіктерге тән ерекшеліктер болып табылмайды. Мұның себебі—адамның түсінбестікпен араласуы біржылдық өсімдіктерден кейінгі органикалық қалдықтардың шіруіне қолайсыз жағдай тудыратындығы болып табылады.

Барлық өсімдіктердің, көпжылдық, сондай-ақ біржылдық өсімдіктердің, дейді Т. С. Мальцев, топырақта органикалық затты өсімдіктердің қорегіне жұмсалуынан көп қалдыратын ортақ қасиеті бар. Міндет мынада: біржылдық өсімдіктерден кейінде топырақтағы органикалық қалдықтар ауаның оттегі жеткіліксіз жағдайында шіритіндей жағдай тудыру керек, басқа сөзбен айтқанда, мұның өзі көпжылдық өсімдіктерде болатынындай, топырақтағы органикалық заттың құрылу және жыйнау процесі оның бұзылу процесінен басым болуға тиіс.

Т. С. Мальцев [illegible] қайырмасыз плугтермен жыртылады.

Келесі көктемде пар тырмаланып, топырақтың ылғалы жабылады. Арамшөптердің өскіндері шыққаннан кейін оларды құрту үшін тұқым себу алдынан жер қазтабан тістері бар «зигзаг» тырмаларымен өңделеді. Жыртылған парға тарқатарлы немесе тоғыспалы әдіспен жаздық бидай себіледі.

Екінші және одан кейінгі жылдары (небәрі екі-үш жыл бойы) жер жыртылмай, тек дискелі құралдармен өңделеді. Жер өңдеу жұмысы егін жыйналғаннан кейін топырақты дискілеп, сонымен бірге дөңгелек шаңтаспен малалаудан басталады. Күзде топырақты неғұрлым жақсы қопсыту және арамшөптердің өскіндерін құрту үшін егіндік жер көлденеңінен 7—8 сантиметр терең дискіленеді.

Көктемде егіндік жер ылғал жабу үшін тырмаланады, ал егер арамшөптер болса тұқым себу алдынан дискілі құралдармен аңыз сыдыра жыртылады. Тұқым себу алдынан аңыз тұқым сіңірілетін тереңдікте сыдыра жыртылады.

Жоғарыда көрсетілген топырақ өңдеу системасын қолдана отырып, «Заветы Ленина» колхозы барлық егіндік дақылдардан жыл сайын мол өнім алып келеді. 1950 жылы ауылшаруашылық артелі осындай егістің әр гектарынан 20 центнерден 40 центнерге дейін, ал құрғақшылық болған жылдары: 1951 жылы —17—20 центнерден, 1952 жылы — 12,5 центнерден және 1953 жылы — 12—22 центнерден өнім алған. Колхозда быйылғы жылы да бітік егін өсірілді. Мұндағы ерекшелік сол, егіндік жер қазір қарасұлы және қалуен сияқты зыянды арамшөптерден тазарған.

Т. С. Мальцевтің еңбектері топырақ өңдеу теориясында бетбұрыс жасап отыр. Оның еңбектері топырақ құрылымының өзгеру процесінде жаңа заңдылықты ашып, ауылшаруашылық өндірісінің практиктерін топырақтың құрылу процесіне белсене ықпал жасайтын пәрменді құралдармен қаруландыруда.

Т. С. Мальцев ұсынған топырақ өңдеу системасы колхоз және совхоз өндірісінде кеңінен қолданылуда. Курган облысының колхоздары 1952 жылы қайырмасыз плугпен 18.700 гектар жерді терең жыртқан. 1953 жылы бұдан үш есе дерлік артық, ал 1954 жылы көлемі 70.800 гектар жер жыртқан. Егіннің өнімі, әдетте, дағдылы парға егілген жердегіден асып түсуде. Мысалы, 1953 жылы Батурлин ауданындағы «Красное знамя» ауылшаруашылық артелі Т. С. Мальцевтің әдісімен өңделген пардың әр гектарынан жалпы алғанда 23,1 центнерден, әдеттегі пардан —16.4 центнерден жаздық бидай жыйнаған. Шадрин ауданының Молотов атындағы колхозында әр гектардан қосымша алынған өнім 8,6 центнер, Ольхов ауданындағы «Красный Урал» колхозында—7.7 центнер, Частоозер ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде —7,3 центнер болған.

Бұрын пар жыртылып жақсы өңделген егіндік жерге де топырағын жыртпай, [illegible] зыянды арамшөптерден тазартып, мұнда жаздық бидайдан мол өнім алуға мүмкіндік береді.

Т. С. Мальцевтің әдісімен пар өңдеуге 1954 жылдың өзінде кірісу қажет. Бұл үшін 1955 жылы пар жыртуға арналған, ертеден жыртылып келе жатқан жерлердің аңызын быйылғы күздің өзінде дискілі сыдыра жыртқыштармен мұқыят сыдыра жырту керек.

Топырақты қайырмасыз плугпен терең өңдеу әдісін 1954 жылғы парды қайта жыртқанда да кеңінен қолданған дұрыс болады. Бұл әдіс кәзіргі уақытта колхоздар мен совхоздар парды әдеттегідей қайырмалы плугтермен қайта жыртып жүргендегіден анағұрлым көп нәтиже береді. Алдағы жылдың егісіне, әсересе күнбағыс, жүгері, қант қызылшасы, картоп, мақта егісіне және басқа отамалы дақылдар, техникалық дақылдар мен овощь егісіне зябь жыртқан кезде де қайырмасыз плугпен жерді терең жырту жөнінде өндірістік зор тәжрибе жасау өте маңызды. Мұндай жерлерді өңдеудің міндетті шарты —жер жыртудан бұрын аңызды дискілі құралдармен сыдыра жырту. Мұның өзі арамшөптердің тұқымын топырақтың үстіңгі қабатына сіңіруді қамтамасыз етеді. Келесі жылдың көктемінде бұл арамшөптер аңызды тұқым себу алдынан сыдыра жырту арқылы құртылуға тиіс.

Қазақстан миллиондаған гектар жаңа жерлерді игеруде. Топырақты өңдеу системасын дұрыс қолданып, топырақтың жоғары құнарлылығын сақтаудың бірінші дәрежелі халықшаруашылықтық маңызы бар. Тың және тыңайған жердің едәуір бөлегі өткен жылы және быйылғы көктемде пар мен зябьке жыртылып, оған жаздық бидай егілді. Жақсы жыртылған тың жерге екінші дақыл егу үшін оны қайырмалы плугтермен қайта жыртудың керегі жоқ екенін Көкшетау және Ақмола облыстары колхоздарының тәжрибесі көрсетіп отыр. Осындай участоктерде егін сыдыра жыртылған аңызға егілген күнде, бұдан да жақсы нәтиже алынды. Құрғақшылық болған 1952 жылы Ақмола облысының тоғыз ауылшаруашылық артелінде жыртылған тыңнан кейін аңызы сыдыра жыртылған жерге екінші дақыл ретінде егілген жаздық бидайдың әр гектарына зябьке жыртылып, қыртысы аударылған жердегі бидай егісінен үш центнер артық алынды. Мұндай жерлерде егін жыйнағанда аңызды биік етіп қалдыру қажет. Бұл аңыз қарды жақсы тоқтатуға көмектеседі. Көктемде аңызды өртеп содан кейін оны дискілі құралдармен мұқыят сыдыра жырту керек. Топырақ өңделіп, бапталғаннан кейін іле-шала тоғыспалы немесе тарқатарлы әдіспен тұқым себіледі.

Аңызы сыдыра жыртылған жерге тың көтерілгеннен кейін екінші дақыл ретінде быйыл жаздық бидай егілген жерлерде үшінші дақыл егіп, оны үшінші дақыл үшін әдеттегідей жыртылған және қайырмасыз плугтермен 30 —35 сантиметр терең жыртылған жерге егілген



СУРЕТТЕ: Мамлют асыл тұқымды мал совхозының дала бригадирі **И. Лукин** жолдас совхоз даласында өсірілген судан шөбінің тұқымын қарап жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Колхозшылар мемлекетке астық сатуда

Ленин ауданының «Путь к социализму» колхозының колхозшылары Покровка селолық тұтынушылар қоғамына астық сата бастады. Тұтынушылар қоғамы колхозшылардан астық алуға алдын-ала әзірлік жұмыстарын жүргізіп, астық төгетін қойма әзірледі. Астық қабылдайтын арнаулы бөлімдер ашты.

Колхозда астық сатушылардың саны күн санап көбейіп келеді. Колхозшы Иван Исаков 7 центнер астық сатты. Сөйтіп, ол селолық тұтынушылар қоғамынан 10 процент арзандатылған бағамен өзінің үйін жабу үшін шифер, мата және басқа киімдер алды. Сол сияқты, Яков Иличивцев жолдас та дайындау пунктіне 9 центнер астық өткізіп, өткізген астығы үшін үй мебельдерін, қысқы киімдер және басқа заттар алды.

Покровка селолық тұтынушылар қоғамына колхозшылардан астық сату жөнінде көптеген заявкалар түсуде.

**К. ЕСІМОВ.**

* * *

Ленин селолық тұтынушылар қоғамы (Октябрь ауданы) колхозшылар мен механизаторлардан қымбат бағамен астық алып, оларға арзандатылған бағамен түгулі киімдер, аяқ киімдерін, үй мебельдерін және басқа товарлар сата бастады. Дайындау пункттеріне астық сатушылардың саны күн санап көбейе түсуде.

Колхоздың малшысы К. Омаров, ағаш шебері С. Қуандықов, колхоз ұстасы К. Нұрпейісов, [illegible]

# Еңбек өнімділігін арттыру— табыс кепілі

## Цех озаттары

Петропавлдағы Микоян атындағы ет-консерв комбинатының ет-бөлшектеу цехы. Электр қуатымен қозғалысқа келген қуатты механизмдердің дыбысы барған сайын үдей түсетін сияқты. Әр алуан станоктар мен машиналарға деген іні істетуші—адамдарда артық сөз жоқ, әрқайсысы өз жұмыстарымен шұғылдануда.

—Нина, мына консервті дұрыс жаппапсың ғой,—деді бригадир Кашина талдырмаш денелі жас қызға, жаңа ғана закатка станогінен алынған әдемі банканы көрсетіп.

ФЗО мектебін быйыл ғана бітіріп, өндірісте жұмыс істеуге кіріскеніне аз-ақ уақыт болған Нина Карпова қатты қысылды. Ол консерв банкасын станокте әрі шапшаң, әрі дұрыс орналастыруға әлі икемінің кемдігін, дағдыланбағандығын сезгендей болды. Жас жұмысшы қыз іштей бұл ақаудың кетуіне өзім кінәлімін деп санады.

Бригадир Анна Кашина екі беті қызара қалған қызға:

—Сен шапшаң істеуге үйренемін деп, кейде жұмысыңның сапасын төмендетіп аласың. Жұмысты тез атқарған жақсы. Бірақ, өнімнің жоғары сапалы болуын естен шығарма—деді.

Бұл өз ісіне әлі жатықпаған жас қызға берген Аннаның жолдастық кеңесі және оның алдына қойған талабы еді. Мұны жақсы түсінген Карпова содан бері консерв жабу жұмысын сапалы атқаруға баса көңіл аударып, сменалас жолдасы, тәжрибелі закатчица Шацкаяның іс әдісін үйренуге ұмтылды. Сөйтіп, өнімді ақаусыз шығару дәрежесіне жетті.

Комсомолка Анна Кашина басқаратын бригадада 24 адам бар. Солардың 20-ға жуығы комбинат жанындағы фабрика—завод оқуы мектебін бітіргендер. Білуге, үйренуге құмар, албырт жастар практикалық істі тез меңгеруде. Анна Суханова мектепті бітіргеннен кейінгі үш жылда мол тәжрибеге ие болды. Норманы анағұрлым артық орындауға жетісті. Татьяна Анпилогова, Елизавета Белова тағы басқалары туралы да осыны айтуға болады.

Бригадада қарт жұмысшылар да жоқ емес. Банкаға ет салушы коммунист Ирина Андреевна Демченко, закатчица Елена Федоровна Шацкая сияқтылар өз өмірлерінің жартысын осы кәсіпорындағы жемісті еңбекке арнаған адамар. Олар өздері жақсы еңбек етумен қатар, жұмысқа жаңа келген жастарға да үнемі көмектесіп, оларды маман жұмысшы болуға қажымай тәрбиелеп отырады. Мұның өзі бригаданың барлық мүшелерінің күндік, айлық тапсырмаларды артығымен орындауына игілі әсерін тигізіп келеді.

Ет—бөлшектеу цехында 20 шақты бригада «Мінсіз сапалы өнім шығарушы [illegible] бригадалар ерекше көзге түсуде. Олар белгіленген норманы үнемі 160—170 процент орындап, ет тағамдарының барлық түрлерін 95—99 балдық сапамен шығаруда...

Ет—консерв комбинаты коллективінің күзгі—қысқы жаппай мал сою науқанына қызу әзірленіп жатқан кез болатын. Ет-бөлшектеу цехының өндірістік жыйналысы да қыс жағдайында жұмыс істеуге дайындық, өндірістік жоспарды табысты орындау, өнімнің түр-түрлерін шығаруды ұлғайту мәселелеріне арналған-ды.

—Егер қазан бөлімшесінен стерилизацияға буды бұрынғыдан гөрі көп берген жағдайда,—деді осы жыйналыста комбинаттың бас энергетигі, тоңазытқыш өнеркәсібінің Ленинградтағы институтын быйыл бітіріп келген жас маман Нина Михайловна Бакулина, — үлкен консервтерді де жасауға болады.

Цех жұмысшылары жас энергетиктің пікірін бірауыздан қуаттады.

Нина Михайловна цех жұмысшыларымен бірлесе отырып, жыйналыста жасаған өзінің ұсынысын жүзеге асыруға белсене кірісті. Аз күннің ішінде қазан бөлімшесіндегі от жағу жүйесіне ірі өзгерістер енгізіліп, модернизацияланды. Бұрын жағылып отын мөлшерінің өзімен-ақ бөлімше буды анағұрлым артық шығарып, күш қысым беретін болды. Өткен жылдары ет бөлшектеу цехы салмағы 3 килограмдық консервтер жасауды талай рет қолға алып, бу қысымы жетіспегендіктен оны шығаруды тоқтатуға мәжбүр болған еді. Кәзір цех коллективі өнімнің осы жаңа түрін өндіруді ойдағыдай меңгеріп алған..

Ет—бөлшектеу цехында еңбек өнімділігін арттыруға, өнім шығаруды ұлғайтуға мүмкіндік берген бұдан басқа да бірнеше шаралар жүзеге асырылды. Олардың бірі—осы цех пен қаңылтыр-банка цехын жалғастыратын транспортер жолы. Оның пайдалануға берілуі дайындалған бос банкаларды қаңылтыр банка цехынан ет бөлшектеу цехына жеткізудегі қол еңбегін жойып, еңбек өнімділігін бірнеше рет арттыруға мүмкіндік берді. Міне мұндай шаралар өзінің игілі нәтижелерін беруде. Мұнда август және сентябрь айларының өндірістік жоспары біржарым еседен астам асыра орындалып, жоспардан тыс 70 мыңдай консерв өндірілді. Ет тағамдарының барлық түрлері жоғары сапада қабылданды. Ал, Матрена Бывалина, Лидия Романчева, Анна Кашина сияқты озат жұмысшылар бұл екі айдың ішінде 4—4,5 айдың нормасын орындады.

Бірақ қол жеткен табыс консерв жасаушыларды тоқмейілсітпейді. Олар ұлы Октябрьдің 37 жылдық мерекесі алдындағы социалистік жарысқа үштасып, 10 айдың [illegible]

рын жыл сайын терең жыртудың орнына, топырақты үстірт өңдеп, 2-3-4 жылдан кейін терең қопсытқанда ғана бұған жетуге болатынын дәлелдеп берді. Топырақ өңдеудің мұндай системасын қолданғанда, топырақтың 8—10 сантиметр қабаты ғана қопсытылып, біржылдық өсімдіктердің органикалық қалдықтары топырақтың неғұрлым терең қабатында, тығыз топырақта, ауаның оттегі жеткіліксіз жағдайында шіриді. Осының нәтижесінде пайдалы шірінді құрылып, біржылдық өсімдіктер топырақтың құрткесекті берік құрылымын жасайтын, сөйтіп, оның құнарлылығын арттыра алатын болады.

Топырақ өңдеудің Т. С. Мальцев ұсынған жаңа системасы пар жыртылған егіндік жердің топырағын терең қопсытуды және пардан кейін 2—3 жыл бойы дискілі сыдыра жыртқыштармен үстірт өңдеуді көздейді.

Т. С. Мальцев пар өңдеуге ерекше назар аударады. Жыртылған пардың өңдеу жұмысы егіні жыйналған жердің аңызын күзде дискілі сыдыра жыртқыштармен 7—8 сантиметр терең сыдыра жыртудан басталады. Мұның өзі арамшөптердің тұқымын топырақтың үстіңгі қабатына сіңіруді қамтамасыз етеді. Көктемде топырақтың ылғалын жабу үшін тырмалау жұмысы жүргізіледі. Арамшөптер өскеннен кейін олар дискілі сыдыра жыртқыштардың көмегімен құртылады.

Июньнің бас кезінде жер қайырмасыз плугтермен 40-50 сантиметр терең жыртылып, кейіннен тырмаланады. Егер егіндік жерде қалуен көп болса, жерді қалуеннің дегелектері шыға бастаған кезде жырту керек. Жазғы уақытта егіндік жердің аңызы арамшөптердің шығуына қарай дискілі сыдыра жыртқыштармен сыдыра жыртылады. Қалың жауған әрбір жаңбырдан кейін, арамшөптердің қалыңдығына қарамастан, топырақтың үстіңгі қабыршағын бұзып, ылғалды жабу үшін топырақ жеңіл тырмалармен тырмаланады. Август айында бірінші рет жыртылған жер көлденеңінен дәл сол тереңдікте кеңінен қолданыла бастады. Курган облысының колхоздарында 1952 жылы 10 мың гектар, 1953 жылы—15 мың гектар жерге осындай әдіспен егін егілген, ал 1954 жылы мұндай егіннің көлемі 45,2 мың гектарға жеткен. Топырағы жыртылмай, аңызы сыдыра жыртылған жерде жаздық бидайдан, малазықтық дақылдардан және біржылдық шөптерден тұрақты мол өнім алынуда. Мысалы, Петухов ауданының Карл Маркс атындағы колхозы аңызы сыдыра жыртылған егіннің әр гектарынан 1949 жылы 14,3 центнерден, ал бір жылдан кейін—20,7 центнерден, 1951 жылы —16,4 центнерден жаздық бидай алған.

Курган жаңашылы ұсынып отырған пар өңдеу әдісін қазірдің өзінде Қазақстан колхоздары мен совхоздарының практикасында кеңінен қолдануға болады және қолданылуға тиіс. Қазақстанда жерді қайырмасыз плугпен терең жыртудың тиімділігі Курган облысындағыдан едәуір артық болады. Бірақ Курган облысы мен Қазақстанның топырақ-климат жағдайы біркелкі емес. Сондықтан топырақ өңдеудің жаңа системасын қолданғанда, әрбір шаруашылықтың нақты ерекшеліктерін еске алу қажет.

Қазақстан жерінің көпшілігінде топырақтың жыртылатын горизонттары едәуір тығыз және сортаң келеді. Топырақтың жыртылатын қабатын терең қопсыту топыраққа судың өтуін жақсартуға және топырақта ылғалдың запасын арттыруға өте қолайлы әсерін тигізеді. Сөйтіп, өсімдіктерді сумен жабдықтауға неғұрлым қолайлы жағдай жасалады, ал мұның өзі Қазақстанның шөлейтті аудандары үшін ерекше маңызды. Көптеген сортаң және топырағы тұзды жерді, сондай-ақ жыртылатын горизонты қалың емес жерлерді игерген кезде жердің топырағын терең қопсытудың өте зор маңызы бар. Бұл жерлерді қайырмасыз плугтармен терең жыртпайынша, оның топырағын жақсарту және шаруашылыққа дұрыс пайдалану мүмкін емес. Қара сұлы мен қалуен көп өскен жерлерде парды Т. С. Мальцевтің системасымен өңдеу бұл жерлерді осы маңызды. Мұндай тәжрибелер тың жерлерді екінші және келесі дақылдар егу үшін өңдеудің дұрыс системасын белгілеуге мүмкіндік береді.

Пар жақсы өңделген күнде, ал парға егілген бидай арамшөптерден таза болған күнде, аңызы сыдыра жыртылған жерге егін егу әдісін пардан кейінгі екінші дақыл үшін де кеңінен қолдану ұсынылады. Мұндай жағдайды сонымен қатар тың көтерілгеннен кейін үшінші дақылға жер әзірлегенде, күзде аңызды мұқыят сыдыра жырту керек. Бұл тәсіл топырақты жеткілікті дәрежеде қопсытуды және арамшөптердің тұқымын топыраққа сіңіруді қамтамасыз етеді. Өсіп шыққан арамшөптер көктемде тұқым себу алдынан аңызды сыдыра жырту арқылы құртылады.

Тамырсабақты арамшөптер шыққан участоктерде аңызы сыдыра жыртылған жерге егін егуге мүлде болмайды. Мұндай жерлерде бидайық пен қарабас, шалғынды пар өңдеген кезде құрту қажет.

Т. С. Мальцев агротехникадағы бірсарындылықтың жауы. Ол өзі ұсынған системаны әрбір шаруашылықтың нақты топырақ-климат жағдайын есепке алмай қолдануына мүлде қарсы. Сондықтан, Т. С. Мальцев системасының басты элементтерін— топырақты өңдеу арқылы топырақтағы органикалық қалдықтардың анаэробтық (ауасыз) шіруіне және топырақтың құнарлылығын үздіксіз арттыруға жағдай тудыру системасын негізге ала отырып, агрономдар оны беталды көшіре салмай, оны әрбір жеке жағдайға сәйкес қолдануға тиіс.

Топырақ өңдеудің жаңа системасын колхоз бен совхоз өндірісіне енгізу, бұл системаны онан әрі терең зерттеп, жеке шаруашылықтардың нақтылы жағдайына қарай белгілеп беру егіндік дақылдардың өнімін едәуір арттыруды, астықтың жалпы түсімін молайтуды қамтамасыз етуге тиіс.

**А. БАРАЕВ,**

**ауылшаруашылық ғылымының кандидаты.**

## ОВОЩЬТАН МОЛ КІРІС

Ленин ауданының Сталин атындағы колхозы картоп және овощь дақылдарын шаршы-ұялы әдіспен отырғызып, одан мол өнім алуда. Колхозда арнаулы огород бригадасы бар. Онда Пелагея Михайлова бригадир болып істейді. Пелагея Михайлова басқарған құрамында 25 мүшесі бар огородшылар бригадасы жыл сайын овощьтан мол өнім алып келеді.

Михайлованың колхоздағы огород шаруашылығын өркендетудегі қажырлы еңбегі ерекше бағаланып, ол быйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты. Оның көрмеге қатысуы алдыңғы қатарлы еңбек озаттарының тәжрибесімен танысуға, олардың жұмыс үлгілерін колхоз өндірісіне кеңінен енгізуге мүмкіндік беруде.

Бұл күндері колхоз мемлекетке және базарларға овощь дақылдарын көптеп сатып, 200 мың сом кіріс кіргізді.

**Е. КЕНЖЕБЕКОВ.**

## ӨНІМДІ ЕҢБЕК

Бұл күндері Петропавл авторотасының шоферлар коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, мемлекеттік дайындау пункттеріне астық тасудағы жұмыстың қарқынын күн сайын арттыра түсуде.

Авторотаның көптеген шоферлары, еліміздегі техника күшін тиімді пайдаланатын және оны күтіп-баптай білетін озат шоферлардың істегі тәжрибелерін негізінен қолдана отырып, өздеріне жүктелген норманы екі-үш есе асыра орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп келеді.

Мұндай озаттардың қатарына «ЗИС-150» автомашинасының шофері Морозов жолдасты қосуға болады. Ол соңғы кезде Соколов ауданының алыс колхоздарынан 39 тонна астықты дайындау пунктіне мерзімінде жеткізді. Сөйтіп, тонна километрмен есептегенде жоспар 108 проценттен асыра орындалды.

Халық шаруашылығына керекті жүктерді тасуда және облыс орталығынан алыс аудандардан элеваторларға астық тасуда шофер Горбуновтың көрсеткіші де аса жоғары. Ол соңғы бес күнде 37 тонна астықты мемлекеттік дайындау пунктіне жеткізіп, берілген жоспарды 133 процент етіп орындап шықты.

Авторотада еңбектің озат үлгісін көрсетіп, коллективтің құрметіне бөленген Манохин, Говорушко жолдастар мереке қарсаңында өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, оны абройімен орындап келеді. Олар соңғы күндері алған міндеттемелерін 120- 150 процент орындайды.

Авторотаның барлық шоферлары мереке қарсаңындағы социалистік жарысты өрістете отырып, халық шаруашылығына керекті жүктерді көп тасып, Октябрь мерекесін өздерінің лайықты тартуларымен қарсы алмақ.

**В. ИВАНОВ.**

не басқа колхозшылар селолық тұтынушылар қоғамына ондаған центнер астық өткізді. Олар берген астығы үшін тұтынушылар қоғамының магазинінен қажетті товарларын керегінше сатып алды.

**Ә. РАХМЕТОВ.**

## Студенттер көмегі

Петропавл қаласындағы педагогикалық училищенің екінші, үшінші курс студенттері Приешім ауданы «Талапкер» колхозына келіп егіншілерге көмектесуде. Олардың жәрдемге келгеніне бір айдай уақыт болды. Осы мерзім ішінде олар көптеген жұмыстарды істеп, мыңдаған центнер астықты тазалап, колхозшыларға қолқабыс етті.

Келген студенттердің барлығы звеноларға бөлінген. Олардың көпшілігі қырман басында астық тазартуда істейді. Студенттер звенолары өзара социалистік жарысқа түскен. Социалистік жарыстың көрсеткішінде М. Анипинова жолдас үздік алда келеді. Ол 30 центнер астықты қолмен тазарту орнына, 80—90 центнер астық тазалайды. Осы сыяқты, астықты веялкамен тазартуда Иманова, Оразалимов, Дулатова, Қожахметова жолдастар күн сайын 80 центнер орнына, күніне 130—140 центнерге жеткізіп жүр.

Колхоздың № 2 дала бригадасының қырманында 14 студент жұмыс істейді. Бұл звеноны В. Ч. Тигай жолдас басқарады. Олар қажырлы еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Бұл звенода студенттер Морозов, Зейнешова, Нұрмағамбетова жолдастар күндік тапсырмаларын 150—200 проценттен орындауда. Студенттердің қажырлы еңбегі колхозшылардың мемлекетке астық тапсыру жұмысын тездетуіне үлкен көмек көрсетіп келеді.

**А. САУЫТОВ.**

## Жаңа тұрғын үйлер

Тимирязев атындағы МТС-тің механизаторлары мен жұмысшылары және қызметшілері өздеріне жекеменшік тұрғын үйлер салуда. Бұл үшін олар мемлекеттен ұзақ мерзімге жеткілікті қаржы алды. МТС дирекциясы да тұрғын үй салушыларға үлкен көмек көрсетуде. МТС-тің мастерскойында үйлердің кейбір бөлшектері жасалынып беріледі.

МТС-тің бас агрономы Запекалый, жұмысшы Полтарак, құрылысшы Вибе және басқа механизаторлар өздеріне тұрғын үйлер салып алды. Кәзір МТС усадьбасының жанынан салынған үйлердің саны 15-тен асады.

**И. ВАСИЛЬЕВ.**

## ОЗАТ МАЛШЫ

М. Мақатов жолдас біраз уақыттан бері Октябрь ауданының Ленин атындағы колхозында малшы болып істейді. Ол өзіне бекітіліп берілген малды үнемі қоңды ұстап келеді. Озат малшы быйыл 1300 еңбеккүн тауып, жүздеген пұт астық алды. Кәзір ол қарамағындағы малдардың қоңдылығын арттыру жолында еңбек етуде.

**Қ. ҚАБИДЕНОВ.**

алағын алу жолындағы жарысқа қатынасып келеді. Солардың ішінде Анна Каншина, Кәрім Азмұхаметов, Мария Хмелькова, Зағипа Табылдинова басқаратын жоспардан тыс кемінде бір жарым миллион банка консерв шығаруға, өнімнің сапасын 100 баллға жеткізуге серт беріп отыр.

**Р. ХАМИТОВ.**

# Жаңа өрлеу жолында

Совет ауданының орталығы Смирново селосындағы кәсіпшілік комбинатының жұмысы соңғы кезге дейін тиісті дәрежеде бола алмай келген болатын. Мұнда өнім шығару жоспары жыл сайын орындалмай қала беретін. Мәселен, үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдық жоспары небары 82 процент ғана орындалды. Жалпы өнім шығару 440 мың сом болса, ол 361.791 сом мөлшерінде ғана шығарылды. Сол сыяқты 265 мың сомға товарлы бұйымдар шығару керек еді. Оның 40 мың 400 сомы шығарылмай қалды.

Мұнда финанс жұмыстары, жұмысшылардың арасындағы еңбек тәртібі, жалпы комбинат жұмысының ұйымдастырылуы тым қанағаттанғысыз дәрежеде еді. Оған себеп, комбинатта өндіріске басшылықта жарамсыз стиль мықтап орын алған болатын.

Ф. Ламаш жолдас комбинатқа дәл осындай қыйыншылығы мол, жауаптылығы күшті мезгілде директор болып тағайындалды. Содан бері небары 4-ақ ай уақыт өтті. Ал соған қарамастан жаңа директор жұмыста өзінің қабілеті бар, шебер ұйымдастырушы екендігін таныта бастаған. Комбинат коллективімен тығыз ынтымақтаса отырып, бұрыннан орын алып келген кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгіледі.

Қандай ғана өндіріс орнында, мекемеде болсын еңбек тәртібін дұрыс жолға қоймайынша жұмыста жетістіктерге жету мүмкін емес. Мұны білген жаңа директор осы жағына, еңалдымен еңбек тәртібін дұрыс жолға қоюға ерекше көңіл бөлді. Жұмысшылардың берілген тапсырмаларды мүлтіксіз орындап отыруын қатаң бақылауға алып, олардың еңбекке деген жауапкершілігін, ынталылығын арттыруға жетісті. Өндірілген бұйымдар сапасының жоғары болуына да жете назар аударды. Қолда бар күш-мүмкіншіліктерді ретімен, орынды пайдалануға қатты зер салды.

Міне, осындай шаралардың іске асырылуы арқасында, кәзір комбинат жұмысы жаңа қарқын алып, біраз жақсара бастаған. Мысалы, июль айының жоспары 120 процент орындалса, август айында бұдан да жақсы көрсеткішке жетті, жоспар 140 проценттен асыра орындалды. Ал, сентябрь айында комбинат коллективі ерекше табысқа ие болып, айлық жоспарды 149 процент орындады. Үшінші тоқсанда жалпы өнім шығару жоспары 250 мың сом, товарлы өнім шығару жоспары 150 мың сомға болуы керек еді. Мұның алғашқысы 376 мың сом, соңғысы 168 мың 500 сом болып асыра орындалып отыр.

Комбинатта етік тігу, тігін цехы, ағаш өңдеу цехтарының бәрі де өз жұмыстарын жолға қойып, айлық жоспарды үнемі асыра орындауға жетісті. Әсересе Е. Землюкова жолдас басқарған тігін цехы мен Б. Бейсенбаев жолдас басқарған ағаш өңдеу цехы кәзір комбинат бойынша үздік алда келеді. Бұл цехтардың коллективі соңғы үш ай бойы айлық жоспарды 130-140 процентке дейін асыра орындап, мінсіз сапалы өнім шығаруда. Тігін цехы соңғы уақыттарда көбінесе тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттар үшін киім тігу ісімен шұғылдануда. Бұл цех жаз бойы аудан механизаторлары үшін плащ, комбинезон тігіп шығарған болса, енді қыстың жақындап келе жатқанына байланысты мақталы жылы киімдер — бас киім, сырмалы киім тігу жұмысын қолға алды. Сол сыяқты, ағаш өңдеу цехы да өзінің барлық жұмысын ауданның колхоз, совхоздарын жеңіл арба, бричка, жегу әбзелдерін көптеп дайындап шығарып, жабдықтау жолына бағыттаған.

Бұрын комбинаттың жұмыс дәрежесінің төмен болуына айтарлықтай әсер етіп келген жағдайлардың бірі—цехтардың аз, оның үстіне өте тар болуы еді. Мысалы, төрт адам ғана жұмыс істейтін шағын бөлмеде 12 тігінші жұмыс істейтін. Комбинат дирекциясы бұл сыяқты жағдайдан шығудың жолын қарастырды. Комбинат ауласында шлак-бетоннан үлкен үй құрылысы құйылды. Бұл үйдің бір бөлегіне 35 тігін машинасымен жұмыс істеуге мүмкіншілігі бар тігіншілер цехы, екінші бөлегіне ағаш өңдеу цехы орналаспақ. Кәзір бұл үйдің шатыры қаңылтырмен жабылып, есік- терезелері орнатылып, ішкі жұмыстары аяқталуға жақын. Комбинат коллективі бұл екі цехтың құрылысын біржолата аяқтап, оны пайдалануға беруді Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған мереке қарсаңына дейін толық орындап шығуды ұйғарып отыр. Сол сыяқты мұнда жаңадан диірмен салынып, үстіміздегі жылы іске қосылмақ.

Комбинатта қажырлылықпен еңбек етіп келе жатқан озаттар саны барған сайын көбейе түсуде. Мұндай адамдардың қатарына алдымен құрылыс бригадасының бригадирі, ағаш өңдеу цехының жұмысшысы Д. Мельник, В. Кабанец, осы цехтағы үнемі мінсіз сапалы өнім шығаратын мастер Г. Кириченко, тігінші А. Зайчук, М. Бобровская сыяқты көптеген адамдар жатады. Бұл жолдастар сменалық, айлық нормаларын үнемі 130 проценттен 140 процентке дейін орындауға жетісіп, өздерінің еңбектес жолдастары арасында еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр.

Бір кезде жұмыста үлкен кемшіліктерге орын беріп, өзіне жүктелген міндеттерді орындай алмай келген комбинат жұмысы кәзірде, міне, осылай жақсарып келеді. Комбинат коллективі үстіміздегі жылдың алғашқы алты айында шығарылмай қалған өнімнің орнын қалған уақыттың ішінде толтыру үшін қажырлы еңбек етуде. Олардың бұл сыяқты жауапты жұмысты толық орындап шығатындығына күмән жоқ. Оған комбинат коллективінің тығыз ынтымақта жұмыс істеп, жаңа еңбек өрлеуіне жетіскендіктері кепіл.

**Е. МЫРЗАХМЕТОВ.**

## СОВЕТ ОДАҒЫ ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛУЫ

БЕРЛИН, 10 октябрь. (СОТА). Республиканың бес жылдығын мерекелеумен байланысты ГДР-ға Совет Үкметі делегациясын бастап барған Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов жолдас, сол сияқты үкмет делегациясының мүшелері: СОКП Орталық Комитетінің Секретары Н. П. Поспелов пен ССРО-ның ГДР-дегі Елшісі Г. М. Пушкин жолдастар бүгін Дрезденде болып, оның тарихи мәні бар орындарымен танысты, соның ішінде Дрездендегі белгілі «Цвингер» музейін аралап көрді.

Совет Үкметі делегациясын ГДР-дің премьер-министрі О. Гротеволь бастап жүрді.

Совет Үкметі делегациясының мүшелері: ССРО Ғылым Академиясының президенті А. Н. Несмеянов жолдас пен Украина Коммунистік партиясының секретары О. И. Иващенко жолдас бүгін ГДР-дің ғылми мекемелері мен өнеркәсіп орындарын аралап көрді.

## ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА СОВЕТ ОДАҒЫ ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ КЕЛУІ ЖАЙЫНДА

БЕРЛИН, 11 октябрь. (СОТА). АДН агенттігінің Лейпцигтен берген хабарына қарағанда, Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бастаған Совет Үкметі делегациясы бүгін Лейпцигте болды. Совет Үкмет делегациясын ГДР премьер-министрінің орынбасары В. Ульбрихт бастаған ГДР үкметінің өкілдері бастап алып жүрді. Делегация Лейпцигтегі ірі құрылыстар, тарихи үйлер мен басқа да тарихи маңызы бар орындарды көрді.

Лейпциг жұртшылығы Совет Үкметі делегациясының мүшелерін және оларды бастап жүрген адамдарды жылы жүзбен қарсы алды.

## СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ҚАЙТАДАН ЖҮРГІЗУДІҢ ТАМАША НЕГІЗІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

ЛОНДОН, 11 октябрь. (СОТА). Бейбітшілікті қорғаудың ағылшындық атқару комитетінің халықаралық хауіпсіздікті қорғаудың британдық конгресін шақыру туралы мәжлісі болды. Конгресс Лондонда 30 және 31 октябрьде өтеді.

Атқару комитетінің мәжлісінде сөз сөйлеген бейбітшілікті қорғаудың ағылшындық комитетінің вице-президенті Джеймс Фиттинс былай деді: «Біз Германияның бейбітшілік сүйгіш, біртұтас, барлық адамдардың тұрмыс жағдайын жақсарту ісіне үлес қосатын мемлекет болуын жақтаймыз. Лондонда жасалған жоспар бұған ынталанып отырған жақтың бәрінің де мүддесіне сәйкес емес, ол тек Батыс Германия милитаристеріне тиімді болып табылады. Совет Одағының Европа ...

# БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

### Бас Ассамблеяның саяси және арнаулы саяси комитеттерінің мәжлістері

НЬЮ-ЙОРК, 9 октябрь. (СОТА). Кеше БҰҰ Бас Ассамблеясының саяси және арнаулы саяси комитеттері өз жұмысын бастады. Бұл комитеттердің мәжлістерінде комитеттердің вице-председательдері мен баяндамашылары сайланды. Саяси комитеттің вице-председателі болып, Канаданың өкілі Джонсон, баяндамашы болып Швецияның өкілі Торивг сайланды. Арнаулы саяси комитеттің вице-председателі болып Бельгияның өкілі Нисо, баяндамашы болып—Түркияның өкілі Деринсу сайланды.

Арнаулы саяси комитет өзінің күн тәртібіндегі мәселелерді қараудың кезегін бекітті. Комитет бірінші пункт етіп, гоминдандықтардың агрессиялық әрекеттері туралы Бирманың шағымын қарайды.

Саяси комитет өзінің күн тәртібіне енгізілген мәселелерді мынадай тәртіппен қарауға қарар қабылдады: 1. «Барлық қарулы күштер мен барлық қару-жарақты реттеу, шектеу және тиісті мөлшерде азайту»—қарусыздандыру жөніндегі комиссияның баяндамасы. 2. «Қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасасу туралы»—совет делегациясы ұсынған пункт. 3. «Уставтың мақсаттары мен принциптеріне сәйкес бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдап, нығайту үшін пайдаланылуы мүмкін әдістер»—коллективтік шаралар комитетінің баяндамасы. 4. «Атом қуатын бейбіт мақсатқа қолдану ісіндегі халықаралық ынтымақ»—американ делегациясы ұсынған пункт. 5. «Батыс Ириан (Батыс жаңа Гвинея) туралы мәселе». 6. «Корей мәселесі»—БҰҰ-ның Кореяны біріктіру және қалпына келтіру жөніндегі комиссияның баяндамасы. 7. «Тунис мәселесі». 8. «Марокко мәселесі», 9. «БҰҰ-ның жалпы басшылығымен Кипр аралының халқына халықтардың тең праволылығы және өзін-өзі билеу праволары принципін қолдану».

«Атом қуатын бейбіт мақсатқа қолдану ісіндегі халықаралық ынтымақ» туралы американ ұсынысы 4 пункт ретінде каралсын деген Бразилия делегациясының ұсынысы талқыланған кезде, ССРО өкілі А. Я. Вышинский сөз сөйлеп, ол жоғарыда көрсетілген мәселе, неғұрлым маңызды мәселе ретінде, күн тәртібіндегі төртінші орыннан үшінші орынға келтірілсін деп ұсынды.

Американ өкілі Лодж, өзінің айтқанындай, бұл мәселені «әзірлеу және зерттеу үшін уақыт керек» деген сылтаумен, совет делегатының бұл ұсынысына қарсылық білдірді.

Совет Одағының өкілі А.Я. Вышинский өз ұсынысының дәлелдерін түсіндіріп, бұл ұсыныс ең алдымен маңызды мәселелерді талқылау керек деген принципке негізделіп отыр деп мәлімдеді. Мұның үстіне, деді А.Я. Вышинский, ССРО делегациясы АҚШ өз мәселесін әлде қашан әзірлеп қойды деп санаған еді. Біз бұл мәселе жөнінде қазірдің өзінде толып жатқан ұсыныстар системасы бар, сондықтан бұл ұсыстармен мүмкіндігінше ертерек танысып, келісілген қарарлар қабылдау маңызды деп ойлаған едік. Міне, сондықтан АҚШ делегаттары мен кейбір басқа делегаттардың біздің ұсынысымызға неліктен қарсы болып отырғанын түсіну қиын. Әрине, деді А. Я. Вышинский сөзінің қорытындысында, —егер АҚШ өз ұсынысын талқылауға әлі де әзір болмай, отырса, онда совет делегациясы өз ұсынысының қабылдануын талап етпейді.

Сонымен бұл пункт комитеттің күн тәртібінде төртінші орында қалды.

Бірінші саяси комитет пен арнаулы саяси комитет өз жұмысын 11 октябрьде онан әрі жүргізеді.

## Англияда Батыс Германияны қаруландыру жөніндегі Лондон келісіміне қарсы наразылықтар

ЛОНДОН, 9 октябрь. (СОТА). Баспасөздердің хабарына қарағанда, Англияда Батыс Германияны қаруландыру туралы мәселе жөніндегі 9 елдің Лондон кеңесінің қарарына қарсы наразылықтар толқыны кең жайылуда.

Парламент мүшесі, лейборист Дж. Рэнкин Лондон келісімін айыптай келіп, былай деп мәлімдеді: 9 ел кеңесінің қарары бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті хауіп үстіне қойып отыр, өйткені ол Европада қайшылықтар ошағын құруға бастайды... Біз соғыс міндеттемемізді қысқартудың орнына, оны ұлғайта береміз».

Парламент мүшесі, лейборист Олдфилд ...

да осы мақсатқа жетуге бағытталған барлық ұсыныстарды қолдаймын. Біз орыстардың қарусыздану жөніндегі ұсынысын қабылдамай тастауға тиіс емеспіз».

Парламент мүшесі, лейборист Л. Левер Батыс Германияны қаруландыруға қарсы табанды күрес жүргізуге бел байлап отырғандығын тағы да қайталады.

Қазаншылар және кеме корпустерін жөндеушілер кәсіподағының бас секретары Хилл былай деп мәлімдеді: «Батыс Германияны қайта қаруландыруға бағытталған барлық фактілер шиеленісті сөзсіз күшейтеді және Германияның біріктірілуін кейінге қалдырады».

Машина жасаушылардың біріккен ка- ...

## Ханойдағы жағдай жайында

ШАНХАЙ, 9 октябрь. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі былай деп хабарлайды: Орталық аралас комиссия 1954 жылғы сентябрьдің 25-нен 30-на дейін Ханой жұртшылығы барлық топтарының өкілдерінен француз одағы қарулы күштерінің жоғарғы командованиесінің коммуналдық кәсіпорындар мен фабрикалардағы қоғамдық мүлікті құртудан немесе алып кетуден айқын көрінген әрекеттеріне қарсы наразылық білдіруден 39 хат алды. Бұл хаттарға жұртшылықтың барлық топтарының 1002 өкілдері қол қойған.

Хаттардың авторлары Вьетнамдағы байқау және бақылау жөніндегі халықаралық комиссияның және орталық аралас комиссияның өздерінің Ханой үшін жауапкершілік мерзімдері қашан біткенге дейін француз жағынан уақытша бітім туралы келісімді дұрыс орындауды халық өмірінің хауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етуін сұраған. Хаттардың авторлары президент Хо Ши Минге және Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметіне сенім білдіріп, Ханойдың азат етілуін, қалада хауіпсіздік пен тәртіптің және халықтың бірқалыпты тұрмысының қамтамасыз етілуін асыға күтуде.

## Вьетнам Халық армиясының Ханойға кіруі жайында

ЛОНДОН, 11 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Вьетнам Халық армиясының Ханойға кіруі туралы хабарлап, былай деп жазады:

7 май күні алынған Диен-Биен-Фудың маңындағы ұрысқа қатынасқан 308 дивизияның жас солдаттарын құттықтау үшін Ханойдың кең бульварларына шығып топтанған адамдар сыймай кетті...

Ханойда қалған француз азаматтарының шағын тобы ешқандай өшпенділік қарым- қатынасқа ұшырамастан-ақ еркін жүрді.

Өкметті өткізу ісімен шұғылданып жүрген французның әскери және жай азаматтары сегіз жыл партизандық соғыс, шайқастар мен қиындықтарды басынан кешірген адамдардың қаланы қабылдаудағы ұйымшылдығын жоғары бағалады. Қаланы қабылдап алу ешқандай кедергісіз өтті. Француз әскерлерінің жүк машиналары Хайфон порты бағытындағы Қызыл өзен үстіне салынған көпірден өтті.

Ақырғы машина көпірден өтісімен-ақ үйлердің терезелері мен шатырларында жалаулармен «Президент Хоши Мин «жасасын»-, «Халық Армиясы жасасын!» деген ұрандар қаптап кетті.

## Вьетнам Халық армиясы Ханойға кірді

ПЕКИН, 11 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Ханойдан берген ха- ...

# Қазақстан мен Орта Азия республикасының спартакиадасы аяқталды

ТАШКЕНТ, 9 октябрь. (**ҚазТАГ-тың тілшісінен).** Кеше Қазақстан мен Орта Азия республикалары спартакиадасының ақырғы күні болды.

Ауыр салмақты штангышылардың бірінші орынға шығу жарысының нәтижесі шешілді. Қазақстандық Есембаев 130 килограмм салмағы бар штанганы қысып көтерді. Жұлқып көтеруде жас атлетші 120 килограмм және толғап көтеруде 152,5 килограмм салмақ көтерді. Бұл нәтижелердің бәрі де жалпы қорытындысы 402,5 килограмм болып Қазақ ССР-ның жаңа рекордтары болып табылады. Есембаевтың жақын әріптесі өзбекстандық Брушко одан 30 килограмм кем қалды.

«Динамо» стадионында футболдан шешуші кездесулер өткізілді. Егер қырғызстан командасын жеңсе ғана қазақстандықтар бірінші орынға шыға алатын еді. Алайда, біздің республиканың футболшылары ешқандай инициативасыз, нашар ойнады. Соның нәтижесінде ойын 1:1 тең аяқталды. Футболдан Қазақстан мен Орта Азия республикаларының чемпионы Өзбек ССР-ы командасына берілді. Қазақстан футболшылары Қырғызстан спортшыларынан да кейін қалып, үшінші орынға шықты.

Кеше гимнастшылар жарысы да аяқталды. Ең жақсы нәтижеге ташкенттік спорт мастері Хримпач ие болды. Екінші орында оның жерлесі Марков, үшінші орында алматылық Осадченко.

Өзбек және Қырғыз ССР-ы баскетболшы әйелдер командасының кездесуі бұл ойынды сүюші жұртшылықты қатты толқытты. Өзбекстан спортшы әйелдері бұл уақытқа дейін ешбір жеңіліске ұшырамай келіп, осы ойында ұтылып қалды. Есеп 41:36 болып Қырғызстан командасының пайдасына шешілді. Соның нәтижесінде Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан коллективтері ұпай санын бірдей жинады. Мұндай жағдайда жеңіс қарсы жаққа өткізілген және өздерінің ұтқызған ұпай санына қарай беріледі. Сондықтан басымдылық Өзбекстан баскетболшы әйелдерінің жағында болды. Екінші орында Қырғызстан командасы және үшінші орынды Қазақ ССР спортшы әйелдері алды.

Шахмат жарысында да жүлделік орын осы тәртіппен бөлінді. Партияларды табысты аяқтап отырғаны үшін спорт мастері Уфимцев (Қазақстан) арнаулы жүлде алды.

Кешке Өзбекстанның Навои атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында спартакиадаға қатысушылардың қорытынды жиналысы өткізілді. Жарыстың бас төрешісі — Бүкілодақтық категориялы төресі, еңбегі сіңген спорт мастері Аксельрод—6 күнге созылған жарыстың қорытындысын шығарды. Тек жеңіл атлетика, штанга және суда жүзуде одақтас республикалардың 108 жаңа рекорды жасалды.

Спартакиадада жеңілатлетика, гимнастика, футбол, баскетбол (әйелдер командасы), волейбол, классикалық күрес, ауыратлетика, кәзіргі жарыстың көп түрінен, велосипед, мотоциклет және ат спорттарынан, су полосынан, суға секіруден, шахматтан және теннистен бірінші орындарға ие болған Өзбек ССР-ның физкультура коллективі жалпыкомандалық бірінші орынға шықты.

Екінші орында Қазақ ССР-ның спортшылары. Олар суға жүзуден, бокстан және баскетболдан (ерлер командасы) бірінші орынға ие болды.

Үшінші орында Қырғыз ССР-ның коллективі. Төртінші орында Тәжікстан командасы және ақырғы орында Түрікмен ССР-ның командасы.

Спортқа бейімдері күшті жастар тобын анықтаған бұл спартакиада Қазақстан мен Орта Азия республикаларының физкультурашылары үшін спорт шеберліктерін арттыруға арналған тәжрибе мектебі болды.

## ВЕНАДА АУЫР АТЛЕТШІЛЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

ВЕНА, 11 октябрь. (СОТА). Кеше кешке 6 елдің: АҚШ, Италия, Швеция, Финляндия, Австрия және Саар облысы ауыр салмақты штангышыларының жарысы болды. Бұған 7 спортшы қатысты. Бірінші орынды көтерудің классикалық үш түрінен 487,5 килограмм (150x150x187,5) көтерген Шеманский (АҚШ) алды. Ол сонымен қатар дүниежүзілік жаңа рекорд жасады. Екінші орында Бредфорд (АҚШ), оның көрсеткіші 462,5 килограмм, үшінші орында Хеель (Австрия), оның көрсеткіші 425 килограмм болып Европа чемпионы атағын жеңіп алды.

Сонымен, спортты қызу күрес үстінде өткен ауыратлетикадан дүниежүзінде бірінші орын алу жарысы ССРО командасының үздік жеңісімен аяқталды. Штангадан халықаралық жарыс 7 салмақ категориясы бойынша өткізілді. Совет спортшылары 6 салмақ категориясында 7 спорт- ... жарысқа қатысты. Жеңіл- ... дүние жүзінде командалық бірінші орынға шықты. Европа чемпионы атағын совет спортшылары жеңілдеу салмақ, жартылай жеңіл салмақ, жеңіл салмақ, жартылай орта салмақ, орта салмақ және жартылай ауыр салмақ, яғни жарыста қатысқан барлық салмақ категориялары бойынша жеңіп алды.

Совет спортшыларына дүние жүзінде бірінші орын алу жарысының 4 Алтын және 3 Күміс медалі тапсырылды. Европада бірінші орын алу жарысының 1 Күміс медалі тапсырылды. Дүние жүзінде бірінші орын алу жарысында совет спортшыларының барлық жинаған ұпайлары 29 ға жетті. АҚШ командасы 3 Алтын, 2 Күміс және 2 Қола медалін алды. Олар 23 ұпай жинады.

Европада бірінші орын алу жарысында да совет спортшылары 33 ұпай жинап, командалық бірінші орынға ие болды. Екінші орынды 9 ұпай жинаған Авс- ...

ұсынысы мен қарусыздандыру туралы таяудағы совет ұсынысы келіссөздерді қайтадан жүргізудің тамаша негізін қамтамасыз етеді».

Фиггинс Лондон жоспары жыл сайын қосымша 200 миллион фунд стерлинг сомасына ағылшын үкметінің шығынын өсіреді және армия мен Англияның болашағын «қаруға қайтадан қол созғысы келіп шыдай алмай отырған нацистік генералдарға тәуелді етіп қояды. Бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының принципіне, бейбітшілікке және Англия мүддесіне қайшы келеді», деп атап көрсеткен.

### ЛОНДОН ПОРТЫНДАҒЫ ЕРЕУІЛ ӘЛІ ДЕ БОЛЫП ЖАТЫР

ЛОНДОН, 11 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің көрсетуіндей Лондон портындағы ереуіл «соңғы 25 жыл ішінде Лондон тарихында болған ереуілдердің ішіндегі ең ірісіне айналған» 27 мың жұмысшылар ереуіл көтеруде. 212 кеме жұмыссыз тоқтап тұр.

...теген: «дүние жүзінің халықтары бәрінен бұрын бейбітшілікті қажет етеді. Мен мүдделі елдердің ынтымақтастығы жағдайын-

...бірі Дж. Скотт Лондон келісімін «халыққа қарсы қылмыс» деп атаған.

## Италияда бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысы

РИМ, (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының итальяндық Комитеті мазмұндама жариялады, онда Италияның түрлі қалаларында соңғы күндері көптеген митингілер болғандығы, митингіге қатысушылар барлық Европалық елдер арасында бейбітшілік келісімінің болуын талап еткендігі айтылған. Мыңдаған адамдар қатысқан Ливорнодағы митингіде бейбітшіліктің Сталиндік сыйлығының лауреаты Андреа Гаджеро сөз сөйлеген. Кавада (Салерно провинциясы) бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының итальяндық Комитетінің секретары Джулиано Пайетта, Моденде—белгілі сыншы Варанини сөз сөйлеген.

Неаполда, Ровигода, Лигурияның тағы басқа қалаларында бейбітшілікті қорғаудың манифестациясы ұйымдастырылған. Бұдан басқа Болоньеде, Пезарода, Пармде, Моденде және басқа қалаларда манифестациялар болған, оған қатысушылар Қытай Халық Республикасын дипломатиялық тануды талап еткен.

Сиена қаласында бейбітшілікті жақтаушылар Европаның бірлігі және хауіпсіздігі жөніндегі мәселе туралы референдум ұйымдастырып, барлық азаматтарды өз пікірлерін білдіруге шақырған.

...армиясы 6 колонна болып әр бағыттан Ханойға кірген.

Француз Одағы әскерлері мен Вьетнам Халық армиясының өкілдері Солтүстік Вьетнам губернаторының үйінде кездескен. Қаланы өткізу кезінде оның көшелерінде тәртіп бақылап Индияның, Канаданың және Польшаның халықаралық бақылау және байқау комиссиясының мүшелері болған.

Түске дейін Ханой аудандарының көпшілігі Вьетнам Халық армиясының бақылауына көшті. Кешкі сағат 5-тен 30 минут өткенде Француз Одағының әскерлері қаланы тастап шыққаннан кейін үйлердің бәрінде дерлік қызыл жалаулар желбіреп тұрды және Вьетнам Халық армиясын құттықтау үшін Ханойдың тұрғындарының бәрі де көшеге шықты. Көшелерде Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің мәлімдемесін тыңдау үшін топтанған адамдар жыйналды.

...деу салмақты, жартылай жеңіл салмақты, жеңіл салмақты және жартылай ауыр салмақ категориясы бойынша дүние жүзі чемпиондары атағын жеңіп алды және ...трия командасы, үшінші орында 5 ұпай жыйнаған Италия командасы, төртінші орынды 4 ұпай жыйнаған Финляндия командасы алды.

## ОБЛЫС КУБОГЫ ҮШІН ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ

Қаланың стадиондарында облыс кубоғын алу үшін өткізілген футболшылар жарысына ерікті спорт қоғамы командаларының ойыншылары қатысты.

«Динамо» стадионында «Динамо» — «Локомотив» ерікті спорт қоғамы командаларының футболшылары кездесті. Облыстық кәсіпшілер одағы комитетінің, қалалық физкультура және спорт комитетінің ауыспалы кубоктерін жеңіп алған қала чемпионы—теміржолшылар командасы бұл ойында өте ынтасыз ойнады. Өздерінің көптеген мүмкіншіліктерін жете найдалана алмады. Мұны пайдаланған алаң иелері 2:1 есебімен, «Локомотив» ерікті спорт қоғамының футболшыларын жеңді.

«Динамо» стадионында финалды ойынға қатысуға право алған «Динамо»—«Пищевик» командалары кездесті.

Ойын 3:1 есебінде пищевиктердің жеңісімен аяқталды.

Облыс кубогі үшін болған футбол жарысында жеңіп шыққан «Пищевик» ерікті спорт қоғамының футболшылар командасына облыстың кубогі және облыстық физкультура және спорт комитетінің бірінші дәрежелі дипломы тапсырылды.

**Редактордың орынбасары Ғ. НҰРМОЛДИН.**

## Оқушыларды еңбекке баулу маңызды міндет

Жастарды еңбекке баулуда мектептердің алатын орны ерекше зор. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу ісінің маңызы партияның XIX съезі мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру міндетін алға қойғаннан кейін бұрынғыдан да арта түсті. Съезд қойған бұл құрметті міндетті жүзеге асыруда Петропавл темір жол станциясындағы № 44 орта мектептің коллективі (директоры М. Родящин жолдас) едәуір табыстарға ие болды.

№ 44 орта мектеп Омск темір жолындағы ірі мектептердің бірі. Мектепте 1100-ден астам оқушы оқыйды, арнаулы педагогикалық білімдері бар 44 оқытушы жұмыс істейді. Мектеп өткен оқу жылын табысты аяқтады. Жазғы емтихандар оқушылардың терең, жан-жақты білім алғандықтарын көрсетті. Оқушылардың жақсы білім алуына күнделікті сабақтардың жоғары сапада өтуімен бірге, көптеген пән үйірмелерінің ұйымшылдықпен жұмыс істеуі көп әсер етті.

Өткен оқу жылында мұнда онға жуық үйірмелер жұмыс істеген болатын. Үйірмелерді оқытушылар басқарып, оның жұмысын оқу программаларымен толық байланысты болуы қарастырылды. Олардың ішінде, әсресе, оқытушы Бушуев жолдас басқарған қызықты физика үйірмесінің жұмысы табысты болды.

Үйірмедегі жоғары класс оқушылары мектептің радиоторабын құрастырып, барлық кластарды радиоточкалармен жабдықтады. Ал, басқа оқушылар көптеген көрнекі құралдар жасады. Мұның өзі физика пәні бойынша лабораториялық жұмыстарды толық өткізуге мүмкіндік берді. Үйірмеде техника жаңалықтары және физика ғылымының табыстарымен таныстыратын лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырылып отырылды. Сол сыяқты үйірме мүшелері қаланың өндіріс орындарына экскурсияларға барды. Оқулықтардан алған теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен байланыстырып отыру оқушылардың физика пәнінен тұрақты білім алуына көмектесті.

Кәзір мектепке физика, радио, жас техниктер, фотосуретшілер үйірмесі жұмыс істейді. Жас техниктер үйірмесі үшін арнаулы мастерской жабдықталуда. Мұнда олар әртүрлі машиналардың модельдерін жасайды, қарапайым механизмдерді құрастырады. Сол сыяқты, ағаш шеберлігін үйреніп, токарьлық, слесарьлық өнерден мәліметтер алады.

Химия, биология пәндерінің үйірмелерінің жұмысы да ойдағыдай. Биология үйірмесінің мүшелері жазғы каникул кезінде көптеген өсімдік гербарийлерін жасады, тіршілік бұрыштары үшін әртүрлі құстар, кірпі және қоян көжектерін ұстады. Мектепте оларға арналған орын болмағандықтан оқушылар оларды өз үйлерінде өсіруде. Ал, жақында оқушылардың өздері салған теплицасы, тіршілік бұрышына арналған бөлмесі бар үйдің құрылысы аяқталғаннан кейін хайуанаттар сонда өсірілмек. Мектеп жанындағы тәжрибе участогінде дәнді дақылдардың көптеген сорттары, овощьтар мен техникалық дақылдардың ондаған түрлері өсірілді. Кәзір мектептегі мұндай үйірмелердің саны 15-тен асады. Олардың барлық жұмысы оқу- тәрбие жұмысын одан әрі жақсарта беруге бағытталған.

Мектептің көптеген оқытушылары өз сабақтарын көрнекі құралдарды кеңінен пайдалана және өмірмен байланыстыра отырып, өткізеді. Мәселен, X кластарда физикадан сабақ беретін оқытушы М. Родящин өзінің сабағын көрнекі құралдарды толық пайдаланып, тәжрибе жұмыстарын үнемі өткізіп отыру арқылы ұйымдастырады. IX класта дарвинизм негіздерінен сабақ беретін жас оқытушы В. Кузнецова жолдас өзінің алғашқы сабақтарын мектеп жанындағы тәжрибе участогінде жұмыс істеуден, оқушылардың өсімдіктер дүниесімен кеңінен таныстырудан бастады. Бұл оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра түсті. Программа және оқулық бойынша оқушылар шөптанапты ауыспалы егісті оқып, үйренуге тиіс. Ал, кәзір жер жұмыстаудың жаңа әдісі— Мальцевтің әдісі шығуына байланысты Кузнецова жолдас оқушыларды бұл жаңа әдіспен де таныстыру үшін арнаулы баяндамалар әзірлеп, оқушылардың өз беттерімен оқуы үшін керекті әдебиеттерді жыйнастыруда.

Мектепте сызу, химия, тіл пәндерінің де өтілу сапасы ойдағыдай. Жақсы жабдықталған кең бөлмеде барлық пәндер бойынша оқу фильмдері көрсетіледі.

Оқушылардың тіл пәндерінен тұрақты білім алуы және олардың мектептен тамаша бай совет әдебиетімен, совет халықтарының ертедегі әдеби қазнасымен жете таныс, сауатты болып шығуы үшін мектеп барлық мүмкіншіліктерді пайдалануда. Тіл пәнінің оқытушылары өз сабақтарын мазмұнды ұйымдастырумен бірге сабақтан тыс жұмыстарды да үлгілі жүргізуде. Әдебиет үйірмесінде ақын- жазушылардың творчестволарына арналған баяндамалар жасалады, өлең, әңгіме жазып жүрген оқушылардың шығармалары талқыланып отырылады.

Үйірме мүшелері әр түрлі стендтер мен тіл және әдебиет тақырыптарына арналған газеттер шығарып отырады. Мысалы, олар жақында «Ұлы орыс тілін үйрен және сүйіп бағалай біл» деген тақырыпта көркем стенд жасады. Онда орыс тілі туралы әдебиет классиктерінің, көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің айтқандары, кейбір қыйын сөздердің жазылу ережесі көрсетіліп, өтініш, қолқат, анықтама сыяқтылардың үлгілері қойылған. Мұндай жұмыстарды жүргізуді оқушылардың өздеріне тапсыру олардың өздігінен көбірек еңбектенуіне, терең білім алуына жағдай туғызады.

Оқушыларға еңбек тәрбиесін беруде физкультура сабағының алатын орны зор. Өйткені, физкультура мен спорт адамды ептілікке, төзімділікке баулыйды, денсаулығын жақсартады. № 44 орта мектепте физкультура сабағының жоғары дәрежеде өтуіне жыл сайын көп көңіл бөлініп келеді. Соның нәтижесінде мектеп спортшылары жыл сайынғы спорт жарыстарында үздік табыстарға жетіп жүр. Олар өткен оқу жылында 8 ауыспалы вымпель, 7 ауыспалы жүлделерді жеңіп алды, темір жол мектептерінің Бүкілодақтық жарысында командалық екінші орынға ие болды. Соңғы жылдардың ішінде ғана жас спортшылар Ленинград, Днепропетровск, Дондағы Ростов, Омск қалаларындағы спорт жарыстарына қатысып, жақсы нәтижелерге жетісті. Мектептің спорт коллективі темір жол мектептері спортшыларының Бүкілодақтық жарысының чемпионы В. Осадчий, осы жарыста 800 метрге жүгіруде екінші орын алған Л. Погребцов, велоспорттан облысымыздың чемпионы Е. Соловьева сыяқты талантты спортшыларды тәрбиелеп шығарды.

Дегенмен, оқушыларды еңбекке баулуда мектеп коллективі барлық мүмкіншіліктерді пайдаланып отыр деуге болмайды. Мектеп коллективінің әлі де ескермей келе жатқан жұмыстары бар. Оқу жылы басталғалы едәуір уақыт өтсе де, мектеп комсомол ұйымы еңбек тәрбиесі жөнінде бірде- бір мәселе қарамаған. Ал, комсомол ұйымы оқушылар арасында қоғамдық еңбектің маңызы, елімізде еңбектің аброй әперетін іс екендігін, еңбек озаттары туралы баяндамалар, экскурсиялар ұйымдастырып отыруы керек. Мектеп еңбек тәрбиесі жөнінде де оқушылардың ата-аналармен жеткілікті байланыс жасамай отыр.

Оқушыларды практикалық іске дайындауды, политехникалық білім беруді тұрақтылықпен жүзеге асыруда кездесіп отырған кемшіліктерді тез арада жойып, жастарды творчестволық еңбекке баулу— мектеп оқытушыларының аса маңызды міндеті. Бұған мектептің партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары қызу қатынасулары керек.

**Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.**




**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»**
**(Екінші сериясы)**

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»**
**(Бірінші сериясы)**

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

## ҚАЛА ІШІНДЕ ӨЗ ЕРКІМЕН ҚҰРЫЛЫСТАР САЛУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

**Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Совет аткомінің 1954 жылғы 18 августағы № 692 міндетті қарары**

Петропавл қаласында тұрғын үй құрылысын салуды тәртіпке келтіру және заңсыз түрде өз еркімен тұрғын үй салушылыққа қарсы күресті күшейту мақсатымен, РСФСР Халық Комиссарлары Советінің 1940 жылғы 22 майдағы қаулысын және Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің 1940 жылғы 24 декабрьдегі № 915 қаулысын басшылыққа ала отырып, қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. Қалалық коммуналдық шаруашылықтың инвентарлық-техникалық бюросына уақытша салынған құрылыстарда тұратын және үй салуға заңды документтері жоқ азаматтарды үй кітапшасына тіркейтін бланкені растауына тыйым салынсын.

2. Петропавл қаласының милиция органдарының, тиісті рұқсат алмастан салынған үйлерге орналасқан азаматтарды үй кітапшасына тіркеуіне және заңды документтер жасап беруіне тыйым салынсын.

3. Қалалық коммуналдық шаруашылықтың инвентарлық-техникалық бюросының жазбаша рұхсатынсыз өздігінен құрылыстар салғаны үшін мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарының, кооперативтік және қоғамдық ұйымдардың басшылары РСФСР қылмыс заңының 109 статьясына, ал, жеке үй салушылар қылмыс заңының 90 статьясы бойынша бас жауапкершілігіне тартылады.

4. Өздігінен құрылыс салушылар және құрылыс салуға кірісқендер бір ай мерзім ішінде өздерінің күшімен және өз есептерімен барлық құрылыстарын көшіріп әкетуге және жер участогін тәртіпке келтіруге міндетті.

5. Архитектура істері жөніндегі бөлім қала ішіндегі жерлерге өз еркімен салған құрылыстардың жер участогін, жоспарлы құрылыстар салу үшін, есепке алуға міндеттендірілсін.

6. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылау еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомі председателінің орынбасары Алханов жолдасқа жүктелсін.

**Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің председателі М. ВОТЯКОВ.**

**Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомі секретарының міндетін атқарушы Ю. ПЛОТНИКОВА.**


**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.**

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.